

Ә.Е. ЖҰМАБАЕВА, Г.И. УАЙСОВА, Г.Т. СӘДУАҚАС

ҚАЗАҚ ТІЛІ

2-БӨЛІМ

Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына
арналған оқулық

3

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2018

ӨОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922
Ж 81

Бастауыш білім беру деңгейінің 2–4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.

Шартты белгілер:



– жаңа сабақ



– есіңе сақта



– жаңа ақпарат



– түсінік берілетін сөздер



– ізден



– тыңда



– топтық жұмыс



– ойлан, салыстыр, талда



– жұппен жұмыс



– орфографиялық сөздік

Жұмабаева Ә.Е. т.б.

Ж 81 Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық. 2 бөлімді/Ә.Е. Жұмабаева, Г.И. Уайсова, Г.Т. Сәдуақас. – Алматы: Атамұра, 2018. – 128 бет.

ISBN 978-601-331-087-9

2-бөлім. – 2018. – 128 б.

ISBN 978-601-331-088-6


ӨОЖ 373.167.1

КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-331-088-6 (2-бөлім)
ISBN 978-601-331-087-9

© Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И.,
Сәдуақас Г.Т., 2018
© «Атамұра», 2018

ӨНЕР



- Сөз таптары туралы білетінімді;
- зат есімнің сұрақтарын, ерекше белгілерін *еске түсіремін.*

сын е. з. е. сан е. з. е.
Кіші залға 100 көрермен
ет.
сыяды.

күй – күйші

Менің қылқалам^{ЫМ}
(жекеше, 1-жақ)

Олардың қылқаламдар^Ы
(көпше, 3-жақ)

Мен өнші^{МІН}
(жекеше, 1-жақ)

Сендер өнші^{СІН}дер
(көпше, 2-жақ)

- Сөйлемнен зат есімді табуды;
- негізгі және туынды зат есімді анықтауды;
- зат есімді тәуелдеуді, емлесін сақтауды;
- күнделік жазуды *үйренемін.*



Өнер туралы не білемін?

65

Сөз таптары

1. Тақырыбын оқып, мәтін мазмұнын болжа. Мәтінді тыңда.

Өнер

Өнер адам баласының жасампаздығын білдіреді. «Жасау», «құру», «өндіру» деген мағынадан туындайды. Оның мақсаты – адам өмірін, қоршаған ортаны көркемдік тұрғыдан игеру. Өнердің сөз өнері, музыка, мүсін, кескіндеме*, би, театр, сәулет өнері дейтін түрлері бар.

мүсін

«Қазақ мәдениеті». Энциклопедиялық анықтамалық

- Мәтін не туралы?

1. Өнер түрлері туралы.
2. Өнер және оның мақсаты туралы.

- «Өнердің мақсатын сен қалай түсінесің?» сұрағы бойынша бір-біріңмен ой бөліс.

2. Көп нүктенің орнына тиісті сөз табын қойып, мәтінді оқы. Сөздер сөз таптарына қалай топтастырылғанын ойлап көр.

Сені жан-жағыңнан **заттар** қоршап тұр. Сол заттардың **атын** білдіретін сөздерді ... дейміз.

Заттардың қимылын, іс-әрекетін білдіретін сөздер ... деп аталады.

Заттар әр алуан **белгілерге** (түрі, түсі, сапасы, саны) ие. Мұндай белгілер ... және ... арқылы айтылады.

- Қарамен жазылған сөздер арқылы мәтіннің мәнін түсінуге бола ма? Олар осы мәтіннің тірек сөздері болып тұрғанын дәлелде.


3. Мақалды жатқа көркем жаз.

Ақыл көпке жеткізеді,
Өнер көкке жеткізеді.




- Сөздердің қай сөз табына жататынын анықта. Қандай белгілеріне қарап анықтағаныңды жұбыңмен бөліс.

4. Әр сөз табы туралы білетініңді айт.



- Кестені пайдаланып, сөздерді сөз таптарына талда. Өнер, көркем, эстетикалық, игеру, сомдайды*.





Бұл – зат есім (етістік, сын есім, сан есім), өйткені

<p>ол заттың атын (қимылын, іс-әрекетін, санын, санын) білдіреді.</p>	<p>кім? не? (не істеді? не қылды? қайтті? қандай? неше?) сұрақтарына жауап береді.</p>
---	--



5. Өлеңді түсініп оқы.

66

Туған өлкем

Көгінде күн нұрын төккен,
Жерінде гүл жұпар сепкен,
Неткен сұлу, неткен көркем*,
Осы менің туған өлкем.

Алтын дәнді даласы бар,
Ақ күмістей қаласы бар.
Неткен сұлу, неткен көркем,
Осы менің туған өлкем.

Өтебай Тұрманжанов

- Өлең мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қой.
- Өлең неліктен «Туған өлкем» деп аталған?
- Өлең өнердің қай түріне жатады? Өз ойыңды дәлелде.
- Өлеңнің бірінші шумағын жатқа жаз. Жазғаныңды оқулықпен тексер. Алғашқы екі сөйлемін сөз таптарына талдап, әр сөздің үстіне қай сөз табы екенін көрсет.

6. Суретке қара. Тақырыбын анықта.



- Сурет бойынша әңгіме құра. Оны баяндап айтуға дайындал. Мәтініңді жаз.
- Жазған мәтініңде қай сөз таптарының сөздерін қолданғаныңды анықта.

- Бұл өнердің қай түріне жатады?
- Қандай суретшілерді білесің?

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

7. Әкең сенен «Жас суретші» студиясына жазылуыңды өтінді. Бірақ сенің «Қолөнер» үйірмесіне қатысқың келеді. Бұл жағдаяттан қалай шығар едің?

8. Сөздер мен сөз таптарын сәйкестендір.

Зат есім	тоқиды, тігеді, салыстырады
Етістік	мүсін, суретші, ермексаз, шаршы
Сын есім	жіңішке, ақ, қызыл, тік, көлбеу
Сан есім	жеті, тоғыз, жиырма, елу, мың

Зат есім



9. Мәтіндерді оқып, өзара салыстыр.

67

Құмға салған сурет

Жұрттың баласы хат танып, сабақ оқығанда, мұның қолынан бар келгені – сұқ саусағымен құмға сурет салу. Болмаса қашау, пышағын ала жүріп, тас пен ағаштан мүсін жасау.

«Бала, әкең Қастей марқұм момын кісі еді. Мынауың біз білмеген өнер екен», – деді бір күні Әбілханның ағаштан жасаған мүсіндерін көрген Түргенбай ұста.

– Өнерді өрге бастыру үшін өмірді тану керек. Білімсіз адамның өрісі – тар, құлашы – қысқа, сурет салуға талабың бар екен. Оқуың керек шығар, балам, – деген еді бірде ол.

Осы сөз оның алдынан бақыт шырағы болып жылтырады.

Кәдір Сауырұлы

Суретші ата

Шалкөденің гүлін-ай!
Елге тартқан сыйындай.
Ақындардың алыбы
Мынау – Біржан, Сүйінбай.

Сүйінбай

Мына сурет жасымнан
Көзіме оттай басылған:
Амангелді атамыз
Алмас қылыш асынған.

Амангелді

Күткен диқан ақ самай,
Мынау әсем бақшаны-ай.
Көз тартады кең жайлау,
Алаулайды Қапшағай.

Мынау тауды қашаған –
Батыр кенші жас адам.
Өнерлі ата Әбілхан
Мұның бәрін жасаған.

Нұрсұлтан Әлімқұлов


- Мәтіндерде кім туралы айтылған?
- Мәтіндерді көркем шығарма түріне ажырат.
- Мәтіндердің ұқсастығы мен айырмашылығын тауып көр.
- «Суретші ата» мәтінінен зат есімдерді теріп жаз, қайсысы жалпы есім, қайсысы жалқы есім екенін айт.

10. Мәтінді көшіріп жаз.

Мүсін әртүрлі тәсілмен жасалады. Мүсіннің бедерін шығаруда жұмсақ сазбалшық пайдаланылады. Қатты затты кертіп* те бедер* жасауға болады.

- Зат есімдерді тап. Олардың үстіне *з. е.* деп белгіле.
- *Мүсін* сөзінің айтылуы мен жазылуын салыстыр.

11. Сызбаға қарап, жалқы және жалпы есім туралы қорытынды жаса.



• Зат есімдерді жалқы, жалпы, жекеше, көпше түрлеріне ажырат. Өр сөздің қандай сұрақтарға жауап беріп тұрғанын айт. Ойыңмен бөліс.

Мұражай, экспонаттар*, мүсінші, кілемдер, төсеніш, портрет, Әбілхан Қастеев.



12. Мәтінді тыңда.

68

Ересек оқушы

Әбілхан тұңғыш рет мектеп табалдырығын аттағанда жиырма бес жаста еді.

Өмірінде оқулық ұстап көрмеген Әбілханға оларды түсіну қиын еді. Есеп тіпті ауыр...

Бірде мектеп директоры Әбілханды шақырып, оңаша сөйлесті. Сонан соң сыныбындағы екі баланы шақыртып алып:

– Ертеңнен бастап Әбілхан сурет студиясында оқиды. Екеуің кезек-кезек студияға ертіп барып, оған тілмаш* боласыздар! – деді.

Әбілханды ертеңінде суретші Хлудовтың үйіне Дәлденбаев ертіп барды. Үйден шашы аппақ құдай*, көзілдірікті шал шықты.

– Қош келдіңіздер! – деп, үйге өзі бастап кіргізді.

– Ә, Жаркенттенсің бе? – деді ол. – Білем, ол жерлерде болғанмын. Тамаша таулы өлке! – деп, жер жаннаты Жетісуды* жанындай жақсы көретінін айтты.

– Үйренуге, сабақ алуға келдім, – дегенде Хлудов қатты қуанды.


қылқалам

– Міне, жасым жетпістің сегізінде. Өмірімде алғаш рет қылқалам* ұстаған қазақ суретшісін көріп отырмын! – деп, қоштасарда бір қорап акварель*, қағаз берді.

акварель

Әміртай Бәриевтен

- Тірек сөздерді белгіле.
- Мәтін кім туралы?
- Ол кімнен сабақ алды?
- Әбілхан неліктен мектепке кеш келді деп ойлайсың?
- Мәтін неліктен «Ересек оқушы» деп аталды?
- Мәтіндегі жалқы есімдерді теріп жаз.



13. Көптік жалғауларының тиістісін қойып жаз.

Ауданда суретші (-тер, -дер, -лер) жарысы өтті. Бала (-лер, -дар, -лар) сурет салуды жақсы үйренген. Жеңімпаз (-дар, -дер, -тар)ға сыйлық (-тар, -дар, -тер) тапсырылды.

- Көпше түрдегі зат есімдердің астын сыз.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

14. Өлеңді оқып, мазмұнына сай сурет салып көр.



Суретші боламын

Суретші болам өскенде,
Саламын туған даламды.
Қызарып батқан кештерді,
Жұмыстан қайтқан анамды.

Бояуын құям аспанның
Басына биік асқардың.
Суретін салам сағынсам,
Бірге оқыған достардың.

Қанипа Бағыбаева



15. Мәтінді оқы.

69

Орындалған арман

Сауытбайдың тойына көп адам жиналыпты. Біз үйге кірсек, бәрі бір ғана адамның аузына қарап отырған сияқты. Ол орысша киінген, орта бойлы Ыбырай Алтынсарин екен.

Біз кіргенде әңгіме балаларды орысша оқыту, мектеп салу туралы болып жатты. Ыбырайдың сөзінен

кейін есік жақта отырған бір жұпыны киімді адам Сауытбайға қарап сөйледі.

– «Бітер істің басына, жақсы келер қасына» дегендей, ауылыңа еліміздің бірегей* ардагері Ыбырай келіпті. Бұл кісінің сөзін естідік. Көпшілікке өзі үшін емес, ел үшін қолқа салып* отыр, – деді.

Тойға келген ел тегіс бас қосқан жиылыс болды. Ыбырай Алтынсарин өз сөзінде: «Біз ғана өнер, білімнен құралақан қалып келеміз. Бұған өзіміз кінәлі. «Өнер жастан шығады» дейді үлкендер, ендігі жерде сол жас өренді оқыту керек. Бұл үшін, ең алдымен, мектеп ашуға бүкіл ел болып атсалысуымыз керек», – деді.

Спандияр Көбеевтен

- Мәтін мазмұны бойынша сұрақ қойып, жауап беріңдер.
- Ыбырай өнер, білім туралы не айтты? Ойыңмен бөліс.
- Мәтіннен зат есімдерді тауып, талдау жаса.
- Мәтіндегі нақыл сөздерді тауып жаз. Осы нақыл сөздерден қандай ой түйдің?

16. Жұмбақ-өлеңді оқып, шешуін тап.

Өнерлі балалар



Қанат, Марат екеуі
 Қамшы өре алады.
 Таңат, Талап екеуі
 Тамаша өн салады.
 Самат, Сағат екеуі
 Төгілтіп күй шертеді.





Бабақ, Барақ екеуі
Біледі көп ертегі.
Ахат, Марат екеуі
Ат үйретіп жүреді.
Жанат, Манат екеуі
Киім-кешек тігеді.
Балаларды өнерлі
Есептеп көр, сен енді!

киім-кешек

Сұлтан Қалиев



• Сенің қандай өнерің бар? Өз өнерің туралы досыңа хабарлама жаз.

• Өз достарыңның өнері туралы айтып бер.

17. Берілген сөздерді оқы. Оларға сұрақ қой.



- Берілген зат есімдерді көпше түрге айналдырып жаз.
- Өзің бірнеше мысал келтір.



18. Мәтінді оқы.

70

Әртістер клубқа барса, есік жабық тұр екен. Ешкім де концерт жөнінде естімеген.

Әртістерді бастап барған Құрманбек Жандарбеков мұңайып:

– Бүгінгі кешіміз бекерге кетті, – депті жолдастарына. Сонда кең маңдайлы, келбетті жігіт тұрып:

– Құрмаш, қой, сен уайымдама. Клубтың есігін ашқыз, әнші-бишілер әзірлене берсін. Жұмысшыларды мен қазір қолма-қол жинап берейін саған, – дейді.

– Қалай?

– Оны өзім білем...

Солай деді әлгі жігіт Құрманбекті ертіп, клубтың алдындағы төбеге шығады.

Күн ұясына кіре берген кешкі сәт. Тымық ауа. «Қарағым, айналайын, келдің қайдан?» Аспанды қақ жарғандай екпінді үн саңқ етеді...

Бір кезде тасыған судай, әр тараптан халық клубқа қарай ағылды-ай келіп.

– Ал, концертінді бастай бер, Құрмаш! – дейді әнші.

Келген жұрт клубқа сыймай, сеңдей соғылысады. Бұл атақты әнші Әміре Қашаубаев екен.

Мұзафар Әлімбаев

- Мәтінге ат қой.
- Мәтін кейіпкерлері туралы не білетініңді айт.
- Мәтіндегі зат есімдерді тап. Олардың жалқы есім немесе жалпы есім екенін анықта.





19. Нақыл сөздерді қатесіз жаз.

1. Талапты бала талпынған құстай,
Құмары қанбас аспанға ұшпай.

2. Адам баласының ең жаманы – талапсыз.

• Нақыл сөздердің мағынасын топта талқыла.

20. Кестені тиісті сөздермен толықтыр.



Бас әріппен жазылатын сөздер	Мағынасы
Қарағанды «Талаптың пайдасы»	Қаланың аты Әңгіменің аты



Хат жазуды үйренемін

71

Негізгі және туынды зат есім

21. Мәтінді тыңда.



Ананың асыл арманы

Баяғы заманда жұпыны* ғана үйде бір әйел үш ұлымен тұрыпты.

Әйел өте шебер кісі екен. Ол үнемі торқа* орамалды жібекпен кестелеп күнелтіпті.

көгал

Бір күні әйел өзі кестелеген орамалдарын базарға сатуға апарады. Орамалдарын сатып болған соң, дүкен аралайды. Бір дүкеннен сондай әдемі сурет көреді. Суретте жеміс ағашының ішіндегі әдемі ұй, айналасындағы көгал, оны қақ жарып аққан су, бақта сайраған бұлбұл бейнеленіпті. Әйел бар ақшасына әлгі әдемі суретті сатып алады.

Әйел үйге келген соң, суретті балаларына көрсетеді. Сурет ұлдарына да қатты ұнайды. Шеше:

– Осындай үйде мен де тұрар ма екем? – дейді.

Кіші ұлы Сырбай:

– Егер сіз осы суретті орамалға дәл өзіндей етіп кестелесеңіз, сол суреттегі өмірдің ішінде өзіңіз де тұрғандай болар едіңіз, – дейді.

– Бұл да дұрыс екен. Осылай етіп бір көрейінші, – дейді де, әйел кестелеуге кіріседі.

Ана үш жыл кестелеген орамалын сыртқа алып шығып, балаларын қасына шақырады. Орамалдағы ғажайып суретке үш ұлы да таң-тамаша қалады. «Не деген керемет кесте! Ғажайып сурет қой! Осындай да шеберлік болады екен-ау!» – деп танданыпты олар.

Мағзұм Тиесовтен



• Мәтін мазмұны бойынша сұрақ қойып, жауап бер.



• Мәтін бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтарды жалғастырып көр:

1) Әйел барлық ақшасына әдемі суретті сатып алу себебі неде деп ойлайсың?

2) Әйел-ананың орнында болсаң, сен не істер едің?

3) ...

4) ...



- Сөздерді салыстырып оқы. Олардың әрқайсысына сұрақ қой, айырмашылығын байқа.

өнер – өнерпаз
сурет – суретші

шебер – шеберлік
сый – сыйлық



Зат есім **негізгі** және **туынды** болып бөлінеді.

Негізгі түбірден болған зат есімді **негізгі зат есім** дейді: *ана, бала, кесте, көз.*

Түбір сөзге жұрнақ жалғану арқылы жасалған зат есімді **туынды зат есім** дейді: *іскер, суретші, оқулық.*

22. Мақалдың қатесін түзеп көшіріп жаз.

Өлеңшінің қолы – алтын,
Өнерлінің сөзі – алтын.

- Туынды зат есімдерді тауып, сөз құрамына талда.

23. Өлеңді оқы.

Күн тоқыған кілем

Күн
Кілем тоқиды,
Нұрмен тоқиды,
Гүлмен тоқиды.

Ол –
Асыл зер кілем,
Жалпақ кең кілем,
Жерге тең кілем.

Мұзафар Әлімбаев



- Қалай ойлайсың, Күн кілем тоқи ала ма? Өлеңнің алғашқы шумағында неліктен солай айтылған? Топта талқыла.
- Өлеңдегі қай сөзге **-ше**, **-ші** жұрнақтарын жалғау арқылы туынды зат есімдер жасауға болады?

**72**

24. Мәтіндерді оқып, олардың қайсысы көркем мәтін, қайсысы ғылыми-танымдық мәтін екенін анықта.



Білесің бе бұл істі –
Зергерлікке кім дайын?
Балқытып ап күмісті,
Сапырады судайын.

Осы жұмыс ырғағы –
Білезік пен алқаны,
Сақинаны, сырғаны
Күміс сымнан тартады.

Фарица Оңғарсынова

Зергер – алуан түрлі сән-
дік бұйымдар мен әшекей
заттарды айшықтап жасау-
шы. Қазір зергер жасайтын
бұйымдардың көбі механи-
калық әдіспен шығарылады.
Алайда зергер жасаған дара
бұйымдар өз құндылығын
жоғалтқан жоқ.

*«Қазақ мәдениеті».
Энциклопедиялық
анықтамалық*



- Екі мәтінге ортақ тақырып не деп ойлайсың?
- Екі мәтінге ортақ бір ат қоюға бола ма? Болса, сен қандай ат қояр едің?
- Мәтіндердегі *зергер* – *зергерлік* сөздеріне сұрақ қойып, оларды зат есімнің негізгі және туынды түрлеріне ажырат.




25. Мәтіннің қатесін түзеп жаз.

Алтын мен күмістен әшекей бұйымдар жасайтын зергердер ел ішінде аса құрметті болған. Олар әйелдерге арналған сырға, сақыйна, білезік, белдік, жүзік, ал ерлерге арнап кісе, шақша, балдақ* жасаған.

- Зат есімдерді тауып, олардың қайсысы негізгі, қайсысы туынды екенін айт.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

26. Өрнектерге және олардың түсіне қарай әріптерді қойып, мақалды оқы.



• Мақалды жаз және ондағы зат есімдерге жұрнақтар қосу арқылы туынды зат есім жаса.

27. Жұмбақты оқып, шешуін тап.

өрмек

Құрып қойған өрмегін,
 Ұршықтарын ойнатып.
 Сәнді мата өрнегін
 Жасайтын кім жайнатып?

өрнек

• *Өрмек*, *өрнек* сөздерінің және жұмбақ шешуіндегі сөздің мағыналық айырмашылығын түсіндір.



73

28. Суреттер бойынша мәтін мазмұнын болжа.



- Мәтінді оқы.

Мүсін – бейнелеу өнерінің ерекше түрі. Мүсіншілер шығармасын әртүрлі материалдан жасайды. Мүсіндер ірі және шағын болып келеді. Ірі мүсіндерді қала көшелерінен, мұражайлардан көруге болады.

Алматыда Абайға, Абылай ханға, Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметоваға арналған ескерткіштер бар.

«Бейнелеу өнері» кітабынан

• Өзің тұратын жерде қандай мүсіндер бар? Зерттеу жүргіз. Ол мүсіндер туралы деректер жина.

- Мәтіннен негізгі және туынды зат есімдерді теріп жаз.

29. Мерейдің ағасы Жандосқа жазған хатын оқы.

Құрметті аға!

Мен жазғы демалысымды қалада өткізгім келеді. Сондықтан Астанаға баруды жоспарлап отырмын. Аста-



надағы ғимараттарды көрсем деймін. Екеуіміз қаланы бірге аралаймыз.

Кездескенше сау бол!

Қарындасың Мерей


- Қалай ойлайсың, хат дұрыс жазылған ба?
- Нені өзгертіп, нені қосуға болады?
- Хат жазғанда мына нұсқаулықты басшылыққа алып жаз.



Есіңе сақта!

- сәлемдесу сөзінің біреуге қаратып айтылуы;
- өзің хат жазып отырған адамның хал-жайын білу мақсатында сұрақтар қою;
- өзің туралы әңгімелеу;
- қоштасу сөздері;
- хат жазып отырған адамның аты-жөні.

30. Қайрат пен Гүлжан пілдің суретін салды. Суреттері өдемі-ақ, бірақ олардың салғаны түрліше болып шықты.



- Суреттердің түрліше болу себебін дәлелде.





31. Мәтінді оқы.

74

Киіз үй мен ағаш үй

Ертеде екі адам дос болыпты. Біреуі – орыс мұжығы*, екіншісі қазақ екен. Екеуі қазақтарға киіз үй, орыстарға ағаш үй жасап көп табыс тауып жүреді.

Күндердің күнінде екеуі ұрсысып қалыпты.

Біреуі киіз үйді, біреуі ағаш үйді мақтаумен бір шешімге келе алмай, әділ қазыға жүгініпті*.

Әділ қазы:

– Екеуіңдікі де дұрыс. Киіз үй көшіп-қонып жүруге қолайлы. Ал қыста жұмыс адамына тынығу үшін, түнге қарай жылы ағаш үй керек. Сол үшін, қазақ, сен бір киіз үй, ал орыс, сен бір ағаш үй жасап ал. Бірақ екеуің де үйді бірігіп салғандарың жөн. Сонда қыс түскенде ағаш үйде, жаз шыққанда

әділ қазы

киіз үйде бірге тұра бересіңдер, – депті.

Әділ қазының төрелігіне екеуі де риза болып, рақметтерін айтыпты.

БІбырай Алтынсариннен

- Мәтін не туралы?
- Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қойып, жауап беріңдер.
- Киіз үй мен ағаш үйдің ортақ белгілері мен өзгешеліктерін ата.
- Қарамен жазылған сөздерден туынды зат есімдер жаса.



32. Өлеңді көркем жаз.

Менің атам жайлауға
 Малың айдап шығыпты.
 Көк шалғынды қойнауға
 Киіз үйін тігіпті.

Қарап шықтым біртіндеп,
 Бар жиһазы жарасқан.
 Туырлығын* түргенде,
 Көрінеді көк аспан.

Қастек Баянбай

- Өлеңде не туралы айтылған?
- Киіз үйдің қандай жабдықтарын білесің?
- Зат есімді сөз құрамына талда.

33. Мәтінді оқы.

Оразда кітап мол екен. Шкафтың жоғарғы үш сөресі толып тұр. Әдемі тізіліп жиналған.

Шкафтың төменгі сөрелері де бос емес. Онда мал мен құстың, аңның, адамның неше алуан мүсіндері тізіліп тұр. Тауық, өгіз, керіктің мүсіндері өздерінен еш аумайды. Бұларды Ораздың өзі жасаған еді.

«Балдырған» журналынан

- Қарамен жазылған сөздердің түбірін тап. Оларға түрлі жұрнақтар қосу арқылы туынды зат есім жаса.




ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС



34. Төмендегі сызбаға сүйеніп, жасырынған сөздерден жұмбақты тауып оқы. Шешуін тап.

ж	ө	а	с	ы	е	е	с	р	к
е	қ	ғ	а	т	р	б	і	о	ө
б	ы	р	л	о	т	ө	н	з	з
а	і	ф	я	р	з	й	д	е	ч
қ	м	т	к	к	ө	м	һ	ц	щ



- Шешуіндегі сөзбен сөйлем құрап жаз.



35. Мәтінді тыңда.

Өнерлі бала

75

Өсер анасына еріп, жақын ағайындарына қонаққа келді. Бұл үйде Бекжан деген бала мен оның қарындасы Гүлжан бар екен.

Үш бала үлкендерге араласпай, бөлек бөлмеде ойнады. Бекжан мен Гүлжан барлық ойыншықтарын жайып салды. Олардың ішінен Өсерге «Зымыран» ойыншығы қатты ұнады.

Әлден уақытта Өсерді анасы шақырды. Ол отырып, шай іше бастағаны сол еді, баж етіп жылаған



Гүлжанның дауысы естілді. Іле-шала ол ботадай боздап* жылап кірді. Қолына «Зымыран» ойыншығын ұстап алыпты.

– Не боп қалды?

– Бекжан мынаны сындырып тастады...

– Гүлжан, – деді осы кезде орнынан тұрған Өсер, – жүр, өзіміз жөндеп көрейік.

Өлден уақытта қонақ бөлмеге Гүлжан жүгіріп келді.

– Әке, ана! Міне, жүреді! – деді.

– Өсер, Өсер жөндеді! – деді енді ғана батылдана есік алдына келіп тұрған бүлдіргіш Бекжан.

– Жарайсың, балақай, өнерлі екенсің! – деп мақтай бастады бәрі. «Өнерлі өрге жүзеді» дейді халық.

Ермек Өтетілеуұлынан

• Мәтін мазмұны бойынша төмендегі ақпараттардың дұрыс-бұрыстығын анықта.

Өсер анасымен бірге қонаққа келді.

Бекжан, Гүлжандармен қосылып кітап оқыды.



- Гүлжан дауысын шығармай жылады.
- «Зымыран» ойыншығы Өсерге ұнады.
- Өсер ойыншықты желім, ермексаздың көмегімен жөнделді.
- Өсерді өнерлі бала екенсің деп мақтады.

- Мәтін кейіпкерлерінің әрекетіне өз көзқарасыңды білдір.

- Сөздерді оқы. Әр қатарда берілген бес сөздің қайсысы артық? Неге?

1. Өсер, Гүлжан, Бекжан, «Зымыран», ана.
2. Ағайындар, үлкендер, қонақтар, нағашы, ойыншықтар.
3. Ойыншық, бөлме, бүлдіргіш, балақай, халық.

36. Белгілі суретші Ағымсалы Дүзелхановтың «Аңшылық» атты суретіне зер сал.



- Сурет несімен қызықтырды? Суретті көріп қандай сезімде болдың? Ойыңмен бөліс.

- Сурет бойынша қысқа мәтін құрастыр. Оны айтуға дайындал.

- Құрастырған мәтініңді жаз. Жазғаныңды тексер.

37. Өтірік өлеңнің қатесін түзеп жаз.

Шалғы қайрап қаймақпен,
Шұбат іштім қайрақпен.

Шортан аулап шарбақпен,
Шөп қоршадым қармақпен.


Есентай Ерботин

38. Сызбадағы сурет пен тірек сөздерді пайдаланып, мәтін құрап айт.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

39. «Пирамидадағы» цифрларды нақыл сөз шығатындай ретпен орналастыр.



5	9	12	2	15	8	3	10	6	7	13	4	14	1	11
ө	е	н	р	–	ж	г	і	т	і	к	ө	р	к	і



Зат есімнің тәуелденуі

40. Өлеңді оқы.

76

Өнердің бәрін біл деген
Әкемді тыңдап күнде мен,
Ақылымен* анамның
Сурет салуды үйренем.

Жеті өнер де аз деген
Атамды тыңдап күнде мен,
Ақылымен әжемнің
Ою ойып үйренем.

Домбыра шерту аз деген
Ағайды тыңдап күнде мен,
Ақылымен күйшінің
Күй тартуды үйренем.

Жұмабай Қайранбай

- Өлең не туралы? Оған ат қой.
- Өлеңдегі негізгі ойды анықта.
- Өлеңдегі бала туралы сенің пікірің қандай?
- Өлеңнің соңғы шумағын (төрт жолын) көркем жаз.
- Қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына талда. Қосымшаның сөзге қандай мағына үстеп тұрғанын айтып көр. Өз ойыңды төмендегі ақпаратпен салыстыр.



Заттың біреуге меншікті екенін білдіретін жалғауларды **тәуелдік жалғаулар** деп атайды: *өнер-ім, әке-м, әже-ң, ат-ы, ата-сы*. Тәуелдік жалғаулар үш жақта, жекеше және көпше түрде айтылады: *дос-ым, дос-ың, дос-ыңыз, дос-ы; дос-ымыз, достар-ың, достар-ыңыз, достар-ы*.



Есіңе сақта!

Зат есімнің тәуелдік жалғаулары

Жақ	Жекеше	Көпше
I жақ	-ым, -ім	-ымыз, -іміз
II жақ	-ың, -ыңыз -ің, -іңіз	-ыңыз, -іңіз
III жақ	-ы, -і, -сы, -сі	-ы, -і, -сы, -сі

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

41. Жұмбақтың шешуін тап.

Екі желім –
Күйдің көрігі,
Әннің көлігі.

• Тәуелдеулі зат есімдерді тауып, түбір сөздің соңғы дыбысының өзгеру себебін түсіндір.



42. Суретке қара. Ыбырай Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» өлеңіндегі мазмұны осы суретке сәйкес келетін жолдарды тауып көр.

• Сол шумақтың мазмұнынан не ұққаныңды өңгімелеп айт.



43. Берілген сөздерді тәуелдену ерекшелігіне қарай топтап жаз.

домбырам

ҚЫЛҚАЛАМЫҢЫЗ

ҚЫЛҚАЛАМЫҢ

добың

ҚЫЛҚАЛАМЫ

домбырасы

добы

добыңыз

домбыраң

домбыраңыз



44. Сурет бойынша әңгіме құра.

77



- Әңгімеңде тәуелдеулі және туынды зат есімдерді пайдалан.

45. Мәтінді тиісті тыныс белгілерін қойып көшіріп жаз.

Ақши – Әминаның ауылы ауылда ши өседі Әмина бір бума ши әкелді шешесі одан ши тоқыды ши тоқу өнер.

- Тәуелдік жалғаулы зат есімдердің астын сыз.

46. Сызбадағы ши түрлерін дереккөздерден біліп ал.



47. Мәтінді түсініп оқы.

78 Қазақ ою-өрнегі өте ертеде пайда болған. Оның мазмұны, өрнектері әртүрлі болып келеді. Негізінен олар өсімдік, жан-жануар, адам өмірі мен ғарыштық ғаламды бейнелеуден тұрады.


Соның ішінде жан-жануарды өрнектейтін оюлар көптеп кездеседі. Олар ежелгі қазақ мәдениетінен, көшпенділер өмірінен сыр шертеді.

Әр өрнекке өзінің сипатына қарай атау берілген. Мүйізді қойға ұқсайтын өрнек «қошқармүйіз» деп аталады. «Түйетабан» оюы өзінің аты айтып тұрғандай түйенің табанын бейнелейді. Түйені көргендерің болса, оның ізіне қарап көз жеткізуге болады.

«Бейнелеу өнері» кітабынан

қошқармүйіз

түйетабан



• Төмендегі тақырыптардың қайсысы мәтін мазмұнына сәйкес келеді?

Әр өрнектің атауы

Қазақ ою-өрнегінің тарихы

Жан-жануарлар ою-өрнегі

Сақ-скифтердің «аң бейнелі» өнері

- *Өрнек* сөзін жекеше, көпше түрде тәуелдеп жаз.

Жақ	Жекеше	Көпше
I жақ		
II жақ		
III жақ		

48. Жоғарыдағы мәтін бөліктерінің атауын толықтыр.

1. Қазақ ою-өрнегінің түрлері
2. ...
3. ...

- Осы жоспар бойынша мәтіннің мазмұнын айтып көр.
- Жоғарыда оқыған, мазмұнын айтқан мәтіннің жанрын анықта.

көркем мәтін

ғылыми-танымдық мәтін

49. Жұмбақты оқып, шешуін тап.

Тарағым бар –
Таранбаймын.
Орағым бар –
Ора алмаймын.
Сақалым бар, ал бірақ
Мен ақсақал бола алмаймын.

- Тәуелденген сөздерді тауып, оларды үш жақта, жекеше және көпше түрде айт.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

50. Тоқыма торға зер салып қара. Шебер тоқыма торды тоқыған кезде әртүрлі ағаштарды пайдаланған екен. Тиісті әріптерді қойсаң, ол қолданған ағаш түрлерін оқисың.



- Шыққан ағаш түрлерін тәуелдеп жаз.



51. Артық сөзді тап.

1. Бұйымым, күлем, өнерім, кілемім.
2. Кездемесі, туындысы, заты, кешкі.



52. Текемет туралы мәтіндерді оқы.

79

Текемет

Текемет – бетіне түрлі түсті ою-өрнек басылған үй жиһазы.

Бұл төсеніш түрі күрделі сатылардан тұратын пісіру әдісімен дайындалады. Жуылып, түтілген жүнді жайып, оның үстіне басқа түстерге боялған жүннен өрнек салады. Содан кейін оны сулап, пісіріп, бастыруға кіріседі.

Текемет басу – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүр.

«Бейнелеу өнері» кітабынан

Текемет

Біреуі жүн жаймалап,
Біреуі су себеді.
Енді бірі шиге орап,
Жабылып бәрі тебеді.

Ыстық су құйып үстіне,
Қатайсын деп қарпиды.
Шықты киіз пісті де,
Сыннан өтіп сан қилы.

Оразақын Асқар

- Екі мәтіннің жанрын анықта.

көркем мәтін


ғылыми-танымдық мәтін

- Олардың ұқсастығы мен айырмашылығын тап. Текемет қай мәтінде нақты, қай мәтінде бейнелі сипатталған?





53. Оқы. Түбір сөздерді тәуелденген сөздермен салыстыр.



• Түбір сөздер тәуелденгенде қандай өзгеріс байқадың? Бұл сөздердің жазылуын есіңе сақта.



Тәуелдік жалғау жалғанғанда түбір сөздің соңындағы қатаң **п, к, қ** дыбыстары ұяңға өзгереді: *доп – добы, жүрек – жүрегі, қалақ – қалағы.*

Тәуелдік жалғау жалғанғанда кейбір түбір сөздердің жазылуы өзгереді: *халық – халқы, әріп – әрпі.*

• Осы тәуелденген сөздермен сөйлем құрастырып айтып көр.

54. Жақшадағы сөздерге тиісті тәуелдік жалғауын жалғап жаз.

1. Біздің (халық) бақытты. 2. Сенің (дауыс) естілмейді. 3. Менің (уақыт) болмады. 4. Мемлекеттің (мүлік) шашпа. 5. Ораз (ерін) жыбырлатты.



55. Суреттің және тірек сөздердің көмегімен «Ісмер»* тақырыбына мәтін құрастырып жаз.



Тақырып: Ісмер

Тірек сөздер: тұскиіз, бөлме қабырғасын сәндеу, ұлттық жиһаз, ісмер, түсті жіп, кестелеу, ұсақ моншақтар, алтын зерлі жіп, өрнек, сән беру.

- Құрастырған мәтініңнен тәуелдеулі сөздерді тауып, астын сыз.



56. Өлеңді түсініп оқы.

80

Үйрену

Ұзын құйрық инелік,
Инелікке тимелік.
Тікұшақты жасадық,
Инеліктен үйреніп.

Суда жүзген балықты
Бақыладық байыпты.

Соған қарап жасадық,
Біз сүңгуір қайықты.

Аққұманның оттағы
Бүлкілдейді қақпағы.
Соған қарап белгілі
Паровозды тапқаны.

Аяз – шебер суретші,
Салады әсем суретті.
Терезені оюлап,
Өрнектеуді үйретті.

Абдырахман Асылбековтен

- Сұрақтарға жауап бер.


1. Ғарышқа ұшу қалай пайда болды?
2. Адам қайықты қалай ойлап тапты?
3. Бу мәшинесі қалай дүниеге келді?



- Адам табиғат құбылыстарынан тағы нені үйренуі мүмкін екенін топта талқыла.

- Өлеңнен тәуелдеулі сөзді тап. Сол сөзді үш жақта жекеше, көпше түрде тәуелдеп жаз.

57. Сөзжұмбақты шеш.



1. Құйрығы айыр құс.
2. Балды жақсы көретін аң.
3. Оқу құралы.



4. Қысы-жазы жасыл түстегі ағаш.

5. Жаңбырдан кейін пайда болатын түрлі түсті доға.

- Сөзжұмбақтың шешуіндегі сөзді тәуелдеп айт.

58. Төмендегі сөйлемдерден «Адырна»* мәтінін құрастыр.

1. Сонан кейін мүйізге жағалай құлақтар бекітіліп, ішектер байланады.

2. Адырнаны дайындау үшін, алдымен ағаштан құрап шанақ, мүйіз жасайды.

3. Дайын болған аспапты екі тізенің үстіне қойып, оң қол және сол қол саусақтарымен ойнайды.

4. Сонан соң шанақтың асты-үсті терімен қапталады.

- *Алдымен, сонан кейін, сонан соң, ақырында* сөздерін пайдаланып, «Зат есімді талдау үшін не істеймін?» тақырыбында 7-8 сөйлемнен тұратын мәтін құрастыр.



59. Берілген тақырыптың біреуімен хабарлама жаз.

1. Зат есім туралы не білдім?

2. Сөйлеуімізде зат есім қандай рөл атқарады?



81

НӘТИЖЕ САБАҚ

Мен не үйрендім?

1. Мәтінді мұқият тыңда.

Көктем кезі. Шоқан ауылына жер картасын жасайтын Сотников деген кісі келді. Шоқан да сол кісімен бірге даланы жиі аралады. Сотников салған суреттерге еліктеп, тауды, көлді бейнеледі. Бір күні оған Мысықтың балшықтан жасаған күймесін көрсетті.

- Мынаны кім жасаған? – деп сұрады Сотников.
- Менің жолдасым – Мысық.
- Ол қайда?
- Ауылда.
- Оқыған ба?
- Жоқ, оқымаған.

– Бұл – өнерпаз бала. Оған білім керек. Білім беру үшін мектеп ашу қажет. Сенің қалаға барып оқығаның жөн. Оқып білімді болған соң, Мысық сияқтыларды үйретесің, – деді Сотников.

Шоқан алыс қырға қарап, ойланып тұрып қалды.

Сапарғали Бегалиннен

- Мәтін мазмұнына сәйкес келетін тақырыптың қысқаша атауын таңда.

Бала Шоқан


Өнерпаз бала

Сотниковтың
ақыл-кеңесі

Шоқанның арманы

- Мәтінде кім/не туралы айтылған?
 - 1) өнерпаз бала Мысық туралы;
 - 2) мектеп ашу үшін Шоқанның қалаға барып оқуының қажеттігі туралы;
 - 3) бала Шоқанның білімді болуды армандауы туралы.
- Сотниковтың Шоқанға берген ақыл-кеңесін қалпына келтіріп жаз.

- Сенің қалаға барып оқығаның жөн.
- Білім беру үшін мектеп ашу қажет.



- Бұл – өнерпаз бала. Оған білім керек.
- Оқып білімді болған соң, Мысық сияқтыларды үйретесің.

• *Бұл – өнерпаз бала. Оған білім керек* сөйлемдерінен зат есімдерді тауып, үш жақта жекеше, көпше түрде тәуелдеп жаз.

2. Мәтін бөліктерінің атауын толықтыр.

1. ...

2. Балшықтан жасалған күйме.

3. Мысық – өнерпаз бала.

4. ...

• Құраған жоспаңыз бойынша мәтіннің мазмұнын айт.

3. Сөздерді оқы.

Үш, біл, сыз, жүз, өшір.

Адал, ұзын, жаңа, сұлу, таза, биік.

• Бірінші жолдағы сөздер қай сөз табына жатады? Екіншідегі ше?

• Осы сөздерден зат есім жасап жаз. Сұрақ қой.

• Бұлар қандай зат есім деп аталады? Неліктен?



Мазмұндама.

82

АТАҚТЫ ТҰЛҒАЛАР



- Етістік, сын есім туралы білетінімді *еске түсіремін*.
- Болымды және болымсыз етістіктердің мағыналық өзгешеліктерін *білетін боламын*.

оқыды – биледі

Атаңның баласы болма,
Адамның баласы бол.

з. е. сын. е. з. е.
Абай әсерлі әңгімені
ет. ет.
ұйып тыңдады.

- Сөйлемнен зат есім, етістік, сын есімдерді табуды;
- етістіктің негізгі және туынды түрлерін анықтауды;
- болымсыз етістік жасауды *үйренемін*.



Етістік туралы білетінімді еске түсіремін

83 1. Мәтінді мұқият тыңда.

Атамның кабинетінде үлкен портрет ілулі тұратын. Ол кісінің сәл күлімсірей қараған жанарынан бір жылы сәуле тарап, жүрегінді мейірімге бөлегендей сезілетін. Бірде Ержан атасына қызық сұрақ қойды.

– Ата, ана кісі сіздің әкеңіз бе? – деп Әуезовтің суретін көрсетті.

Атам Ержанға мойнын бұрып:

– Кімді айтасың? – Немересінің шошайған саусағының нені нысанаға алғанын көріп, күліп жіберді.

– Ол – ұлы адам. Өте үлкен жазушы, – деп түсіндіре бастағанда, Ержан балаға тән шыдамсыздықпен сөзді бөліп жіберді.

– Е-е, ол да Момышұлы екен ғой.

– Неге Момышұлы болады? – Атам таңданған кейіпте қолындағы екі-үш хатты үстел үстіне тастай салды.

– Ешқандай Момышұлы емес. Ол – Мұхтар Әуезов, – деді.

– Өзіңіз ұлы дедіңіз ғой. Ұлы болса, ол да Момышұлы болады, – деп Ержан өз жорамалын айтып қояр емес.

Атам басын шайқап, немересіне ұқтыруға кірісті.

Зейнеп Ахметовадан

• Мәтін кім/не туралы?

Мұхтар Әуезов туралы

Үлкен портрет туралы

Атасы мен немересі туралы

«Ұлы» сөзінің беретін мағынасы туралы

• Атасы *ұлы* сөзінің мағынасын қалай түсіндірді деп ойлайсың?



- Төмендегі қай пікір ақиқат екенін мәтін бойынша тексер.

1. Кіреберісте атамның портреті ілулі тұратын.

2. Атасы немересіне «ұлы» сөзінің мағынасын түсіндірді.

3. Ержанның жорамалы бойынша портреттегі кісі – Момышұлы.

- «Ұлы» деп қандай адамды айтады?» Сұраққа жауап бер. Жаз. Етістікке сұрақ қойып, астын сыз.



- Оларды қандай қасиеттері атақты етті? Тиісті белгімен (✓) белгіле.

	қатал- дық	білім- ділік	ақылды- лық	мейірім- ділік
Мұхтар Әуезов				
Бауыржан Момышұлы				

2. Көп нүктенің орнына тиісті етістіктерді қою арқылы сөйлемдерді толықтырып жаз.

Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романын Онда Абайдың бүкіл өмір жолы

Керекті сөздер: баяндалады, жазды.

- Сөйлемді етістіксіз айтып көр. Етістік не үшін керек екен?

3. Кім не істейді? Екі бағанды сөйкестендіріп жаз.


Батыр
Жазушы
Ақын
Суретші
Биші

өлең жазады.
би билейді.
кітап жазады.
ерлік жасайды.
сурет салады.



4. Сөзжұмбақты шеш.

84



1. Бейбітшілік құсы.
2. Түнде ұшатын құс.
3. Төрт түліктің шөлге ең шыдамдысы.
4. Үрлеп аспанға ұшыратын зат.
5. Тышқанның үй-мекені.

- Сөзжұмбақтың шешуіндегі сөз бойынша тыңдайтын мәтіннің не туралы екенін болжа.

- Мәтінді тыңда.

Нарынның құмды ауылынан шыққан домбырашы қыз туралы аңыз-әңгіме елден-елге тарап кетті.

– Несін айтасың, он саусағынан күй төгілген майталман жорға дейді...

– Құрманғазыдан артық болмаса, ешқандай кемдігі жоқ шебер дейді...

– Ойбай-ау, ешкімнен де домбыра үйренбеген дейді...

Дина Құрманғазыдан үйреніп қалған «Ақсақ киік», «Алатау», «Балбырауын», «Қайран шешем» күйлерін күн сайын әлденеше қайталап тартып отырушы еді.

– Домбырашы болу – оңай нәрсе емес. Ең алдымен үнді, дыбысты сүйе білу керек және оған өзіңше мән бере біл. Екіншіден, «Ерінбеген етікші болады» деген мақалды біздің ел бекер айтпаған. Ерінбеу, ұялмау,



қысылмау керек. Өнер иесі өзін көп алдында еркін ұстау керек...

Құрманғазы айтқан осындай ақыл-кеңестер де домбыра ішегінің сүйкімді дыбыстарымен бірге Динаның құлағына кетпестей ұялаған болатын.


«Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясынан»

- Мәтінде кім туралы айтылған? Дина туралы не білетініңді айт.
- Мәтіндегі мақалды көркем жазып, етістіктің астын сыз.
- Мәтінге сүйеніп, өнер адамы қандай болу керектігі туралы нұсқаулық жаз.

1. Өнер иесі өзін көп алдында еркін ұстауы керек.
2. ...
3. ...

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

5. Дөңгелекшелердің ішіндегі әріптер реті бойынша мақалды оқы.



- Етістікті тап. Оның қай сөзбен байланысып тұрғанын айт.



6. Күрделі етістіктерді теріп жаз.

оқып жүр

ойнады

жортады

келе бастады

сүртіп тұр

жүгіре жөнеледі

• Неліктен күрделі етістік екенін дәлелде. Осы етістіктермен төрт сөйлем құрап жаз.



7. Керекті сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

- 85** 1. Динаның ұстазы кім?
 2. Құрманғазы кім?
 3. Домбырашы болу үшін не істеу керек?
 4. Құрманғазының ақыл-кеңестері Динаға қалай әсер етті?

Керекті сөздер: Құрманғазы, күй атасы, дыбысты сүйе білу, ерінбеу, құлағынан кетпестей.

• Етістіктерді тап. Олардың дара немесе күрделі екенін айт.

8. Көп нүктенің орнына тиісті етістіктерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

Күйші күй Жыршы жыр Ақын өлең
 Дәрігер ауруларды Мұғалім балаларды
 Жылқышы жылқы

9. Көп нүктенің орнына дара етістікті тауып жаз.

- ... – келе жатыр, келе бастады.
 ... – тарта алады, тартып жатыр, тартып жүр.
 ... – тоқи алады, тоқып отыр, тоқи бастады.
 ... – барып кел, бара кел.

• Күрделі етістіктерді қатыстырып, сөйлем құрап жаз.



10. Суретке қарап, мәтіннің тақырыбын болжа.




– Менің атым Дина, – деді қызғалдақ.

– Мерейлі бол, Динажан, мен – кек күйшісі Құрманғазымын. Тәрбиешім Махамбет ақын – Исатай ердің серігі, халық үшін жан берген. Сол ерлердің ұраны, сол күрестің дабылы мынау егіз ішекте. Мұрамды саған тапсырдым, халыққа жеткіз күйімді! – деп, қария қызғалдаққа үкілі домбырасын ұсынды.

– Егер де маған, атажан, шынымен сеніп тапсырсаңыз, кек ұрандас күйіңізді халыққа ойнап беруге ант етем! – деп, қыз бала тізерлеп отырды да, домбыраны қолына ұстап, сүйіп-сүйіп алды.

Әбу Сәрсенбаевтан

- Мәтінге ат қой.
- Келесі беттегі жоспарды толықтыр:



1. Дина мен Құрманғазының танысуы.
2. ...
3. ...

- Жоспар бойынша мәтінді мазмұнда.
- Мәтіннен етістіктерді тауып, олардың дара және күрделі түрін ажырат.



Негізгі және туынды етістік

86

11. Мәтінді тыңда.

Мен қалай оқуға бардым?

Менің Әбіш деген құрдасым бар еді.

Әкесі оны оқуға берді. Бір күні ойнайын деп бардым. Әбіш кітап оқып отыр екен. Тыңдасам, кітабында жұмбақ, мақал, өлең, басқа да жақсы сөздер көп екен.

Оқу үйренсем, мен де сондай оқыр едім деп ойға қалдым. Үйге қайтып келдім. Оқуға барамын дедім. Әкем мен апам бұл ойымды ұнатты. Ертеңіне әкем мені оқуға апарып берді.

Ахмет Байтұрсынұлы

- Тыңдаған мәтін бойынша бір-біріңе сұрақ қой.
- Мәтін неліктен үш бөлікке бөлінген?
- Әр бөліктің тақырыбын анықтап, оларға ат қой.
- Төмендегі сұрақтардың жауабын жаз.

1. Әбіш маған кім болады?
2. Мені не қызықтырды?
3. Мен не істедім?

- Өзіңнің мектепке барған алғашқы күнің есінде ме? Ойыңмен бөліс.



12. Сурет мазмұнын болжа. Әлидің күнделігін оқы.

2 ақпан 2017 жыл.

Бүгін сыныбымызбен Ахмет Байтұрсынұлының мұражайына бардық. Бұрын Ахмет Байтұрсынұлы тұрған үй 1998 жылы мұражайға айналыпты. Мұражайда 3 зал бар екен. Ол кісінің әр жылдардағы фотоларын көрдім. Шығармаларымен таныстым. Мұражай маған ұнады. Бұл күн мен үшін ерекше әсерлі күн болды.



• Күнделік дұрыс жазылған ба? Ойыңмен бөліс. Әлиге қандай кеңес бересің?

13. Екі бағандағы етістіктерді оқып, салыстыр.

барды
көрді
айтты
оқыды

көздеді
ойлады
тістеді
биледі

- Етістіктерді сөз құрамына талда.
- Қай бағандағы етістіктердің түбірі зат есім?



Етістік негізгі және туынды болып бөлінеді.

Түбір сөзден болған етістікті негізгі етістік деп атайды: *оқы, жұр, құт, ки*.

Түбір сөзге жұрнақ жалғану арқылы жасалған етістікті туынды етістік деп атайды: *ойла, ақылдас, ақта*.




14. Мақалды жатқа жаз.

Ел үмітін ер ақтар,
Ер атағын ел сақтар.

• Етістіктердің астын сыз. «Ақтар» туынды етістік екенін дәлелде.

15. Ағаш бұтақтарындағы етістіктерді теріп жаз.



- Етістіктерді сөз құрамына талда.
- Етістіктердің түбірі қай сөз табына жататынын анықта.



16. Көп нүктенің орнына атақты тұлғалардың бірінің атын **87** қойып, мәтінді оқы.

... – қоғам қайраткері, ақын, жазушы. Ол ауылдық мектепте қызмет атқарды. Елге білім-ғылым таратудың жолдарын қарастырды. Халықтың көркемсөз мұрасын

жинады. Мектепке арналған әліппе, оқулықтар мен оқу құралдарын жазды. Баспасөзге мақалалар жазып, өлең шығарды, аударма жасады. Қрыловтың туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен кітап шығарды.



- Мәтін кім туралы?
- Оның тұңғыш оқу құралы қалай аталады? Ол қандай оқулық? Ойыңмен бөліс.
- Мәтіннен етістіктерді тап. Олардың негізгі немесе туынды етістік екенін айт.

17. Берілген зат есімдер мен сын есімдерге **-ла, -ле, -да, -де, -та, -те, -дас, -тас, -лас, -лес, -тан, -тен** жұрнақтарының тиістісін жалғап, туынды етістік жаса.

Тор, арқан, ем, ара, сабын, үтік, тіс.

Ақ, ұсақ, көркем, жақсы, оң, жаңа, ірі.

Ақыл, дос, пікір, әдет, рақат.

- Туынды етістіктердің ішінен өзің қалаған үш-төрт сөзбен сөйлем құрап жаз.

18. Жаңылтпашты жатқа айт және жаз.

Атам бақ **аралады,**

Ағам тал **аралады.**

Апам көл аралады,

Асыл ат тағалады.



- Қарамен жазылғандар қандай сөздер? Олардың мағынасын бір-біріңе түсіндіріп көріңдер.
- Туынды етістіктерді тауып, сөз құрамына талда.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

19. «Етістік» сөзінен баспалдақ жаса. Осы әріптерден басталатын іс-әрекетті білдіретін сөздер ойлап, торкөзді толтыр.

Е							
Т							
І							
С							
Т							
І							
К							

- Шыққан етістіктердің қайсысы негізгі, қайсысы туынды екенін айт.
- Туынды етістіктерді теріп жаз.



20. Мәтінді оқы.

88

Қажымұқан Мұңайтпасов – әлемге танымал болған тұңғыш қазақ палуаны. Ол өзінің спорттық жолын Петербургте бастады. Қажымұқан Франция, Германия, Бельгия, Түркия, Америка сияқты ірі мемлекеттерде өткен белдесулерде жеңіске жетті. Ол барлығы 26 мемлекетте болды. Осы сындарда Қажымұқан 48 алтын, күміс және қола медальдарға ие болған.

1927 жылы оған «Қазақ даласының батыры» атағы берілді.

- Мына сұрақтарға жауап бер.

1. Қажымұқан Мұңайтпасов кім?
2. Ол спорттық жолын қайда бастады?

3. Қай мемлекеттерде өткен белдесулердің жеңімпазы болды?

4. Қажымұқан қандай медальдарға ие болды?

5. Оның әлемге танымал болуының сыры неде?

• Мәтіндегі етістіктерді тауып, негізгі немесе туынды екенін айт.

21. Берілген зат есімдерден туынды етістік жасап жаз.

Кезек, жыр, ой, шеге, би, түз.

• Өзің қалаған 2-3 туынды етістікпен сөйлем құрап жаз.

22. Ребусты шеш.



• Шешуіндегі сөздің қандай етістік екенін айт.

23. Төмендегі үлгіні басшылыққа алып, сөздердің туынды етістік екенін дәлелде.

Ұсақта, өрнекте, тырмала, достас.


Дәлелдеу үлгісі: **Ақта** – туынды етістік, өйткені оның түбірі – **ақ**. «Ақ» сөзі – сын есім, оған **-та** жұрнағы жалғанып, қимылды білдіріп тұр. Сондықтан ол туынды етістік болады.

24. Мәтіндерді оқып, өзара салыстыр. Ұқсастығы мен айырмашылығын тап.

89

Өмірбаян

Мен, Бауыржан Момышұлы, 1910 жылдың 24 желтоқсанында Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау мекенінде дүниеге келдім. Әкем ел арасын-



да ағаш ұстасы және етікші, зергерлігімен танымал болған. Анам Рәзия дүниеден ерте өтіп, 3 жасымнан бастап Қызтумас әжемнің қолында өстім. Жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін біраз уақыт мұғалім болдым. Кейін кезекті әскери міндетімді өтеп, запастағы командир атағын алдым. Туған ауылға қайтып оралған соң, біраз жыл қаржы мекемесінде қызмет істедім. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен, даңқты генерал-майор И.В. Панфиловтың басшылығымен құрылған дивизияға қабылданып, соғысқа аттандым.

Құлын мінген бала

Бауыржан да ауылда өсті. Оның боз құлыны бар еді. Боз құлын Бауыржанның қасынан қалмайтын. Ол құлынның үстіне секіріп мініп, шаба жөнелетін. Құрдастары құлын мінген баланың соңынан жүгіріп, таңғалатын. Сонда Бауыржан құлынның кекілінен сипап:

– Бұл – Тайбурыл, мен – Қобыланды батырмын! – дейтін құрбыларына мақтанып.

Боз құлын ақ боз ат болды, бала Бауыржан ержетті. Ол фашистерден Отанын қорғаған атақты батыр атанды.

Әзілхан Нұршайықовтан

- Мәтіндер кім туралы?
- Қай мәтін бірінші жақтан айтылған?
- Мәтіндердегі түсініксіз сөздерді теріп жаз, мағынасын сөздіктен біліп ал.

25. Өз отбасыңның бір мүшесінің өмірбаянын үлкендердің көмегімен жазып көр.



26. Көп нүктенің орнына жақша ішіндегі жұрнақтардың тиістісін жалғап, сөздерді көшіріп жаз.

Ұсақ (-та, -те), жаңа (-ла, -ле), оң (-да, -де), ірі (-ла, -ле), көркем (-да, -де), шеге (-ла, -ле).

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

27. Керісінше жұмбақ. Сөзжұмбаққа сұрақтар құрастыр. Ол үшін оқулық соңында берілген түсіндірме сөздікті басшылыққа ал.

Көлденеңінен:


1. _____

2. _____

3. _____

Тігінен:

1. _____



Болымды және болымсыз етістік

90 28. Етістіктерді салыстырып оқы. Олардың мағынасында қандай өзгешелік бар екенін аңғар.

жүз – жүзбе

күл – күлме

төк – төкпе

жаз – жазба

бар – барма

тақ – тақпа

• Қосымшалы етістіктерді көшіріп жаз. Түбір мен қосымшаны тиісті белгімен белгіле.

29. Мақалды жатқа, көркем жаз.

Атаңның баласы болма,

Адамның баласы бол.

• Мақалдың мағынасын түсіндір.

• Қарамен жазылған етістіктерді салыстырып, олардың мағынасында қандай өзгешелік бар екенін айт.



Етістік болымды (күл, жаз) және болымсыз (күлме, жазба) болып бөлінеді. Болымсыз етістік болымды етістікке **-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады: *ерінбе, бұзба, жұлма.*

30. Тыйым сөздердің қатесін түзеп, көшіріп жаз.

Босағада тұрма көк шөпті жұлма малды теппе ақты төкпе.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

31. Ребустың шешуіндегі сөз болымсыз етістік бола ала ма? Ойыңды дәлелде.



” ” 5 ” ”



32. Өлеңді мәнерлеп оқы.

91

Ғылым таппай мақтанба

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.

- Өлеңнің авторын ата. Ол туралы білетініңді айт.
- Өлеңнің жалғасын айтып көр.
- Өлеңдегі негізгі ой не деп ойлайсың?
- Өлең неліктен «Ғылым таппай мақтанба» деп аталған?
- Өлеңді көшіріп жаз. Болымсыз етістіктердің астын сыз.



37. Мәтінді оқы.

Төле би – қазақ халқының атақты шешені, қоғам қайраткері. Ұлы жүздің төбе бии. Төле би оқыған, сауатты, жастайынан халқының ақындық-шешендік өнерінен тәлім алған. Ол 15–20 жасында билікке араласып, әділдігімен, шешендігімен елге танылады. Төле би Орта жүздің бии Қазыбек бимен, Кіші жүздің бии Әйтекемен бірге өз Тәукенің басты кеңесшісі болды. Оның атымен байланысты толып жатқан нақыл, мәтел сөздер халық арасына кең тараған.



Тойшыбек Иіңұлы

- Төле бидің кім екенін айт.
- Ол билікке неше жасынан бастап араласты?
- Төле би кімнің кеңесшісі болды?
- Төле бидің қандай нақыл сөздерін білесің?
- Төле би хан болды ма?
- Мәтіннен тірек сөздерді тауып көр.

38. Батаны жатқа жаз.

Бір үйдің баласы болма,
 Көп үйдің **санасы** бол.
 Бір елдің атасы болма,
 Бар елдің **данасы** бол!
 Бір тонның жағасы болма,
 Көп қолдың **ағасы** бол!

Төле би

- Батадағы әр сөйлемнің мағынасын топта талқыла.
- Қарамен жазылған сөздердің мағынасын сөздік арқылы анықта.





39. Мәтінді түсініп оқы.

93

Мерген қыз



Бұған дейін біз мерген қыздар жөнінде естімеген едік. Еримов: «Ох, Николай Матвеевич, бізге осылар ғана жетіспей тұрған еді», – деп сыбырлады. Күлуге болмайды, өйткені алдымда Отан қорғау үшін келген жауынгерлер тұр.

Бір сәтте саптың шетінде тұрған қара көзді нәзік қызды көрдім де, «кім бола-сыз?» дегенімше, ол саптан алға шығып:

– Жолдас гвардия полковнигі! Атқыш Әлия Молдағұловамын! – деп саңқ етті.

– Атқышпын дейсің бе?

– Иә, атқышпын.

– Онда, атқыш Молдағұлова, асүйге барып, картоп аршисың, – дедім. Әлия:

– Жолдас гвардия полковнигі, мен майданға картоп аршу үшін емес, фашистерді құрту үшін келдім, – деді.

– Ойпыр-ай, қандай адамсың өзің!

– Иә, сондай адаммын!

– Кәне, винтовканды бері әкел!

Қаруын олай қарадым, бұлай қарадым. Бәрі мұнтаздай таза. Тиісетін мін жоқ. Осы сәтте винтовкадағы «ВЛКСМ Орталық Комитетінен мерген Әлия Молдағұловаға» деген жазуды көрдім де, сасып қалдым.

– Қызым, бар, фашистерді жайрат! – деуден басқа ештеңе айта алмадым. Әлиямен алғаш рет осылай кездестім.

Д. Дәуренов, «Алғашқы қарлығаштар» кітабынан



- Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қой.
- Сені көшеде журналист тоқтатып, *Әлия Молдағұлованың ерлігі туралы не білесің?* деп сұрақ қойса, не деп жауап берер едің?



40. Етістіктерге тиісті жұрнақтарды қосып оқы. Олар қандай етістіктер екенін айт.




ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

41. Туған күн, кездесу, басқа да мерекелерге шақыру қағаздарын алып көрдің бе? Шақыру қағаздары не үшін және қалай жазылады? Досыңа арнап туған күніңе шақыру қағазын жаз.



Үлгі:




42. Мәтіннің тақырыбы бойынша мазмұнын болжа. Сонан соң мәтінді тыңда.



Бейбарыс сұлтан

Баяғы заманда Бейбарыс деген кішкентай бала болыпты. Жаугершілік кезінде соғысқан елдің адамдары оны ат артына мінгізіп алып кетеді. Оны құлдыққа



44. Олеңнің қатесін түзеп жаз.

Іштарлыққа білдірме,
Бақталастық жол берме.
Сыйлап үлкен кісіні,
Қамқорлыққа ал кішіні.

Ермек Өтетілеуұлы



Сын есім

95 45. Мәтінді түсініп оқы.

– Мен ол ағашты көрмегелі он шақты жылдай болыпты! Жаяу баралық. Қасиетті ағаш қой, – деді Жамбыл ата.

Ағашқа жақындағанда, шошып қалды. Біреу балтамен ағашты сарт-сұрт шауып жатыр.

– Ей, тоқта! Сен өзі дені сау адамбысың? Ағашқа неге балта шабасың?

– Жамбыл ата екенсіз ғой! Кешіріңіз! Мен бір бұтағын кесіп жатыр едім, – деді жігіт.

Жамбыл ата:

– Ал, жігітім, жөніңді айтшы. Бұл Сүйінбай атаңның еккен ағашы екенін білемісің? – деді.

– Білемін, Жәке. Біз ауылымыз болып бұл мәуелі ағашты қасиет тұтамыз. Қураған бұтағын кесіп тастаймыз. Күн ыстықта осы ағаштың көлеңкесінде демаламыз, – деді жігіт.

Мұхамеджан Етекбаев

- Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қой.
- Мәтінде аты аталған адамдар туралы не білесің?
- Жамбыл Жабаев туралы айтып бер.
- Сүйінбай туралы дереккөздерден ақпарат жина.
- Мәтіндегі сын есімдерді тап, сұрақ қой.



46. Мәтінді көркем жаз.

Сүйінбай Аронұлы – ақиық* айтыс ақыны. Жасынан жыраулығымен елге танылған. М. Әуезов оны айтыс өнерінің алтын діңгегі* деп атаған.

- Сын есімдерді тауып, астын сыз.

47. Мәтінді оқы. Ат қой.

Екі бала тоғайға бардық. Қарағайдың, түрлі өсімдіктің жұпар иісі мұрныңды жарады. Аласа бұталардың арасынан сұр торғай, көк шымшықтар пыр-пыр ұшады. Анадайда ала қанат тоқылдақтың тоқылы естіледі. Тоғай іші көңілді.

- Бұл мәтіннің қай түріне жатады?
- Мәтіннен сын есімдерді тап. Олар қай заттың сынын білдіріп тұрғанын айт.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

48. Пішіндерге сәйкес әріптерді қойып оқы. Осы сөзді сын есімдерді пайдаланып сипатта.

◆ – А ● – Л ✨ – Т ☾ – У

◆ ● ◆ ✨ ◆ ☾



49. Мәтінді оқы.

96

Менің бабам Имаш орта бойлы, орақ мұрын, от жанарлы кісі болатын. Әкем Момынәлі сол шымыр шалдың төртінші перзенті екен. Оны жұрт Момыш деп кеткен. Әжемнің аты Қызтумас еді. Қартайғанда сары кемпір атанған. Жарықтық аса ажарлы, ақ дидарлы кісі болатын.

Бауыржан Момышұлы



- Сын есімдерді тауып, олардың дара немесе күрделі екенін айт.
- Мәтіннің авторы туралы білетініңді әңгімеле.

50. Өлеңді оқып, жатқа жаз.

Ала таңнан тұрып ап,
Құба жонға барамын.
Ақ боз атқа мініп ап,
Жұлдыздайын ағамын.

Тұрысбек Еділбаев

- Сын есімдерді тап. Олар қай заттың сынын білдіріп тұрғанын айт.

51. Затты берілген белгілері бойынша тап.

1. ... – сопақ, қызыл, ащы. 2. ... – жыртқыш, қу.
3. ... – ашық, жылы, суық. 4. ... – сұр, қорқақ.

52. Заттың сынын білдіретін сөздерді тұсындағы тиісті сөздермен сәйкестендір.

Ащы, тәтті, қышқыл
Сүйір, сопақ, домалақ
Кіші, үлкен, ұзын
Қызыл, қара, сары

түсі
дәмі
көлемі
пішіні



53. Мәтінді түсініп оқы.

97

Әбу Насыр бүкіл шығыс әлеміне Арасту деген атпен даңқы жайылған оқымысты Аристотельдің шығармаларын көп оқыған. Мағынасын көкейіне тоқыған, оны ұстазы санаған.

Замандастары Әбу Насырдың ірі оқымысты, ойшыл данышпан дәрежесіне дейін өскенін көздерімен көр-



ген. Бірақ кейбіреулер ғұламаның алғырлық сипатын жете түсіне алмаған. Сонда олар данышпанның өзінен:

– Біз таласып қалдық. Анығын түсіндіріңізші, сіз алғырсыз ба, әлде Арасту ма? –деп сұрайды.

– Әй, ағайындар-ай, – дейді әлгі сұрақ берушілерге. – Егер мен ұлы ұстаз Арасту заманында өмір сүрсем, онда сол ғұламаның білікті шәкірті ғана болар едім.

Әбу Насырдың бұл сөзін естіген кісілер оның ақыл-парасатына бас иеді.

«Жыл он екі ай» кітабынан

- Мәтін не туралы?
- Мәтіндегі негізгі ойды анықта және оған ат қой.
- Мәтіндегі мағынасы түсініксіз сөздерді белгіле, сол сөздердің мағынасын түсіндірме сөздіктен біліп ал.
- Сын есімдерді тап.

54. Әл-Фарабидің нақыл сөздерін көшіріп жаз.

• Даналық – істі ақылға салып, тиянақты атқару деген сөз. Оған білім үйрену арқылы ғана қол жеткізуге болады.

• Парасат – әр адамның кісілік қадірі. Адам басындағы ізгі қасиеттер – парасатты өсіретін қабілет.

• Қайырымды, ізгі ниетті адам еш уақытта өлмейді.

• Нақыл сөздердің мағынасын топта талқыла.

• Сын есімдердің астын сыз.

55. Берілген сын есімге бірнеше зат есім тауып айт.

ескі $\left\langle \begin{array}{l} \dots \\ \dots \\ \dots \end{array} \right.$

жұқа $\left\langle \begin{array}{l} \dots \\ \dots \\ \dots \end{array} \right.$

қызық $\left\langle \begin{array}{l} \dots \\ \dots \\ \dots \end{array} \right.$



56. Мәтінді тыңда.

98

Атан түйе шөккен жер

Жасы сексенге тақаған кезінде Райымбек батыр еліне: «Мені ана тұрған ақ атанға мінгізіп, көштің басын Хантөңірге бұрындар. Ақ атан шөккен жерге елді қоныстандырыңдар», – депті.

Бәрі қарт батыр айтқандай болады. Ел көшін тауға қарай бұрады. Көш қазіргі Алматы қаласы Райымбек даңғылы бойындағы Орталық зират орналасқан жерге жетіп тоқтайды. Сол араға атан түйе де шөгеді. Ел осы араға қоныстанады. Көп ұзамай Райымбек батыр дүние салады. Батырдың зираты да сол жерге орнайды.

«Бабаңнан саған не қалған?» кітабынан

- Мәтін неліктен «Атан түйе шөккен жер» деп аталған?
- Мәтіннен сын есімдерді тап.

57. Мақалдардың ішінен мәтін мазмұнына сәйкес келетінін тауып жаз.

1. Егіннің жайын еккен білер.
2. Ексең егін, ішерсің тегін.
3. Сәуір болмай, тәуір болмас.
4. Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.
5. Айлалы батыр алдырмас.
6. Еңбегің қатты болса, татқаның тәтті болар.

58. Кестені толтыр.

Адамға тән қасиеттер	
Жағымды	Жағымсыз
қайырымды, ...	қатыгез, ...

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС



59. Сөздіктегі сөздер қай қарындаш түсіне сәйкесетінін тап. Сонан соң оларды тіркестіріп жаз.

Сөздік: аю, қар, шоколад, түлкі, аспан, раушан, балапан, шырша.



99

НӘТИЖЕ САБАҚ

Мен не үйрендім?

1. Мәтінді мұқият тыңда.

Абай Қарқаралыдан қайтып келген соң, күні-түні кітап оқыды. Оқыған кітаптарынан көп **асыл** бұйымдар* тапты. Абай **тарихи** кітаптар мен **Шығыстың** дастан*, **хикаяларын*** бас алмай* оқиды. Кешкі шайдан соң, Абай кейбір оқып шыққан кітаптарын үй ішіне әңгімелеп береді. Зере әжесі Абайдың кітапқа ықыласын* байқап:

– Қарағым, осының ақыл. Осы **ала** қағазыңнан айырылма. Басқа балаларға ұқсама, – дейді.

Абай әжесінің сөзіне разы болып, күн сайын бір **тамаша** әңгіме айтатын болды.

Мұхтар Әуезовтен

• Мәтіннен мағынасы түсініксіз сөздерді белгіле. Олардың мағынасын сөздіктен оқып ал.


2. Мәтіннің тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықта. Қай сөйлем мәтін тақырыбы мен негізгі ойға сәйкес келеді? Сол сөйлемді жаз.

1. Бір істі бастасаң, аяқсыз тастама.

2. Кітап – білім бұлағы.

3. Мәтіннен етістіктерді теріп жаз. Оларды негізгі және туынды, болымды және болымсыз етістіктерге ажырат.

4. Қарамен жазылған сөздердің сын есім екенін дәлелде.



5. Мәтін мазмұны бойынша ақпараттың дұрыс-бұрыстығын анықта.

- Абай күні-түні кітап оқыды.
- Ол үй ішіне әңгімелеп берді.
- Зере әжесі Абайдың кітап оқуға деген ынтасын байқамады.
- Ол басқа балаларға ұқсап өс деді.
- Абай әжесінің сөзіне риза болды.
- Ол күн сайын бір әңгіме айтатын болды.

6. Суреттерге қара. Суреттердің мазмұнына сәйкес келетін сөйлемдерді төмендегі мәтіннен таңда.



Көлдің жағасында кішкене қайықтар тұр. Балалар қайыққа мініп, серуендеп жүр.

Оқушылар демалыс үйіне келді. Демалыс үйі қалың қарағайдың арасына орналасыпты. Жанында үлкен көлі бар.

- Мәтінді ретімен көшіріп жаз. Сын есімдердің астын сыз.



Мазмұндама.


100



Бақылау диктанты.

101–102

СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ



- Сан есім туралы білетінімді *еске түсіремін*.

жеті – жетінші

тоғыз – тоғызыншы

таза, мөлдір

сулы, әдепті

- Сан есімнің есептік және реттік түрлерінің мағыналық, құрылымдық ерекшелігін *білетін боламын*.
- Сын есімнің негізгі және туынды түрлерін анықтауды *үйренемін*.



Негізгі және туынды сын есім

103 1. Мәтінді тыңда.

Мұраттың бастауы

Ойын алаңының арғы жағындағы кішкене жартастың түбінде бір топ құрақ* өсіп тұрған. Бірде соның жанына барып, демалып отырдық.

– Бұрын осы жерде бастау болған дейді атам. Өне жер дымданып* жатыр. Қазып көрсек қайтеді? Мүмкін су шығар, – деді Мұрат. Оның сөзін әркім өзінше күлкіге айналдырып жіберді.

– Мейлі, күле беріңдер, – деп, Мұрат өкпелеп кетіп қалды. Біз қайтадан ойынға кіріскенбіз.

– Мұрат келе жатыр, – деп, бір бала дауыстап жіберді.

Жалт қарасақ, Мұрат келе жатыр екен. **ойпаң**
Қолында күрегі бар. Ол әлгі ойпаң* жерді қазуға кірісті. Екі-үш күрек бойы қазғанда су шығып, бүлкілдеп аға* бастады.

Бізде үн жоқ. Мұрат бізге күле қарап:

– Бастаудың* мөлдір суынан ішіңдер, – деді.

Біз бастау суын қос уыстай іліп алып, ішіп жатырмыз. Салқын су қандай тамаша десеңші!

Нағашыбек Қапалбековтен

• Сұрақтарға жауап бер.

1. Балалар қай жерде ойнады?
2. Балалар ойнаған алаңда бұрын не болған?
3. Мұрат бастауды қандай белгілеріне қарап тапты?

4. Мұраттың бастауды табуына оның қандай қасиеттері көмектесті?

5. Бұлақ суының адамға қандай пайдасы бар?

- Мәтіндегі сын есімдерді тап.

2. Мәтінді көркем жаз.

Сулы жер – нулы жер. Ну дегеніміз – қалың тоғай. Тоғай іші көңілді.

- Қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына талда. Олар қай сөз табына жататынын анықта.

- Бұл сын есімдердің *құрғақ*, *қалың* деген сын есімдерден өзгешелігі неде деп ойлайсың?



Сын есім **негізгі** және **туынды** болып екіге бөлінеді. Түбір сөзден болған сын есімді **негізгі сын есім** дейді: *қалың, әдемі*.

Түбір сөзге жұрнақ жалғану арқылы жасалған сын есімді **туынды сын есім** дейді: *өнерлі, саналы*.

3. Берілген негізгі және туынды сын есімдерді салыстырып, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын тап.

Жаңа, көк, әдепті, сүтті, атақты, жүйрік, көктемгі.

негізгі

туынды



СЫН ЕСІМ



4. Оқы және не туралы айтылғанын анықта.

Оның құлағы, құйрығы және жүні бар.

Оның ұзын құлағы, қысқа құйрығы және жылы жүні бар.

Жазда жүні сұр, ал қыста ақ болады.

• Мәтінде не туралы айтылғанын білуге қай сөз табы көмектесті?

• Берілген етістіктерге *-ғыш*, *-гіш*, *-қыш*, *-кіш* жұрнақтарын жалғап, туынды сын есім жаса.

Біл, жүз, тап, сез, байқа, сөйле, айт.

• Жасаған туынды сын есімдеріңнің қайсысын қоянды сипаттауда қолданасың?




5. Өлеңді суреттердің көмегімен оқы.


104


Ұшақтан жылдам бұлттар

Таңертең  ашық,
Түр еді нұр шашып.

Аспанда  жоқ:
Ендеше күдік жоқ.

Ойладым дәл бүгін,
Жаумайды  !

Шықтым мен  -імнен
Жейдешең күйіммен.

Әурелер жолда құр,
Алғам жоқ  .



Кенеттен аспанды



торлай бастады.



-тан жылдам ба?!

Шаңдатып көшені,

Басталды нөсері.

Жоқ мотор, қанаты,

Бұл   қалайша

Тез жете алады?..

Ескен Елубай

- Керекті сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап жаз.

Күн қандай?

Аспан қандай?

Аспанды қандай бұлт торлады?

Керекті сөздер: ашық, бұлтсыз, бұлтты, қалың.

- Сын есімдердің астын сыз. Туынды сын есімді сөз құрамына ажырат.

6. Мақалды қатесін түзеп жаз.

Сулы жер бұлақсыз болмас,

Таулы жер құрақсыз болмас.

- Сын есімдерді тап. Олардың негізгі, туынды екенін ажырат.

7. Берілген сын есімдерді келесі беттегі кестеге орналастыр.

Әсерлі әңгіме, атақты кенші, тұнық су, ізгі ой, жаңа дөптер, сүтті сиыр, әдемі қыз, биік тау, шөпті жер, жүйрік ат.



Негізгі сын есім	Туынды сын есім

• Туынды сын есімдерді сөз құрамына талда. Олардың түбірі қай сөз табынан жасалғанын айт.

- Сын есімнің қай сөзбен байланысып тұрғанын түсіндір.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

8. Ұйқасын тауып оқы.

Тауда жүрген тарғыл аң,
Ол – қайратты қабы...*.



- Туынды сын есімді тап.

• Жұбыңмен «Ойлан, тап» ойынын ойнап көр. Ол үшін біреуің – берілген сөздің атын айтпай, оның мағынасын түсіндіресің, яғни ол затты сипаттап айтасың. Екіншің ол сөзді табасың.

Керекті сөздер: су, жаңбыр, қар.

- Сипаттау үшін қай сөз табының сөздерін пайдаландың?



9. Мәтінді түсініп оқы.

105

Су – тіршілік көзі

Су табиғаттағы барлық тіршілік атаулының құрамына кіреді. Көптеген өсімдіктің 80–95 пайызы судан тұрады. Жануарлар мен адам денесінде де су көп.

Су жер бетінде үнемі тынымсыз айналыста болады. Теңіз бен мұхиттардың, өзендер мен көлдердің бетінен су буға айналып, одан бұлт түзіледі. Ол жаңбыр немесе қар, бұршақ болып жерге жауып, қайта суға айналады.

Сусыз тамақ піспейді. Сусыз тазалық та болмайды. Су жолымен жүк тасиды. Судың күшінен электр қуатын да алады.


Су – біздің байлығымыз. Оған әр уақытта қамқорлықпен қарау қажет.

«Жыл он екі ай» кітабынан

- Мәтін не туралы?
- Мәтін бөліктеріне сәйкес жоспарды қалпына келтір. Сол жоспар бойынша мазмұндама жаз.

Жоспар:

1. Табиғаттағы су айналымы.
2. Судың маңызы.
3. Судың адам өміріне қажеттігі.
10. Мақалды тауып жаз.



11. Жұмбақты көшіріп жазып, шешуін тап.


Көлді жердің үкілі аруы,
Өткір желдің саз тартар қаруы.

- Сын есімдерді тауып, олардың қайсысы негізгі, қайсысы туынды екенін айт.

- Жұмбақтың шешуін табуға қай сөз көмектесті деп ойлайсың?

12. Негізгі сын есімдерге *-дау, -деу, -лау, -леу, -тау, -теу, -шыл, -шіл, -ғылт, -ғыш* жұрнақтарын жалғап, қалаған бір туынды сын есіммен сөйлем құрап жаз.

Ақ, боз, жасыл, сары, үлкен, көк, ұсақ.



- Жұрнақ жалғанғанда негізгі сын есімдердің мағынасында өзгеріс болды ма?



13. Мәтінді оқы.

106

Судың да сұрауы бар

Қазіргі уақытта Жер шарында жыл өткен сайын ауызсудың қадірі біліне түсуде. Дүниежүзінің көптеген елінде су сату үйреншікті іс болып саналады. Дамушы елдердің кейбіреулерінде отбасы табысының 10 пайызы су сатып алуға кетеді. Грек елінің кейбір өңірлерінде* су алыстағы таудан тасылып әкелінетіндіктен, оның бағасы қымбат тұрады. Су цистернамен* әкелінетін ауылдар өз елімізде де кездеседі. Жер шарында тұщы су қорының шектеулі екені анық байқалды.

Сондықтан «Судың да сұрауы бар» деген халық даналығын әр уақыт есте ұстаған абзал.

«Балдырған» журналынан

өңір

цистерна

- Мәтінде не туралы айтылған?
- «Судың қадірі» дегенді қалай түсінесің?
- Мәтін неліктен «Судың да сұрауы бар» деп аталған?
- Сен қалай ойлайсың? Өз ойларыңды топта талқыла.

14. Тыйым сөздерді қолданып, «Суды дұрыс пайдалан!» нұсқаулығын толықтырып жаз.

Суды бекер

Түнде су алуға

Судың бетін ашық

Лас су төккен жерді

Тыйым сөздер: барма, қалдырма, баспа, түкірме, төкпе.



15. Суреттегі балықтар бойынша *жалпақтау, ұзындау, кішірек* сөздерін қатыстырып, оларды салыстыра сипатта.



Сазан



Шортан



Тыран

- Қолданған сын есімдерді сөз құрамына талда.

16. Өлеңді оқып, жатқа жаз.

Жазғы таң

Жазғы дала,

Жазғы таң.

Жасыл шалғын,

Жасыл шақ.

Ақ бұлаққа

Мөп-мөлдір

Күн күлімдеп,

Төкті нұр.

Д. Байбеков

- Өлеңнен сын есімдерді тауып, оларға сұрақ қой. Бұл сын есімдердің қай сөзбен байланысып тұрғанын тап.

- «Негізгі сын есім + зат есім» тіркесін «туынды сын есім + зат есім» тіркесіне өзгертіп айт: ақ бұлақ – көңілді бұлақ, жасыл шалғын –, мөп-мөлдір су –



17. Ертегіні оқы.

107

Ерте, ерте, ертеде...

Бірнеше жыл бұрын су жоғалып кетіпті.



-тар шөлден қиналады,








қурап,



-дер солып қалады.



Шөлдеген  желден көмек сұрайды. Ал жел  -ді көмекке шақырады. Күн  -дер мен көлдердегі суларды қатты қыздыра бастайды. Су буға айналып, аспанда  пайда болады. Біраздан соң  жауа бастайды. Жер беті жанданып сала береді.

- Ертегі бойынша бір-біріңе сұрақ қой.
- Ертегідегі негізгі ойды анықта.
- Су болмаса не болатынын елестетіп көр және оны айтып бер.
- Су → бу → жаңбыр. Осы үшеуін байланыстырып әңгімеле.


18. Мәтінді көркем жаз.

Аспандағы ақша бұлттар бүгін ерекше әдемі. Біз бір топ бала жидекті тоғайға бет алдық. Сан алуан құстар сайраған тоғай іші өте көңілді.

- Сын есімдерді тап. Оларды сын есімнің негізгі және туынды түрлеріне ажырат.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

19. Мақалды тауып жаз.



20. Ойлан, тап.

Кішкентай Дархан көрген нәрсесін айтып жеткізе алмай тұр. Ішкі үйге бір құс ұшып кіріп, қайта шығыпты. Дәл соған ұқсайтын құс Сәуле апайдың ауызғы үйіне ұя салыпты.

Дарханның көргені қай құс? Көмекке кел. Сипаттап көр.

Сан есім



21. Мәтінді тыңда.

108

Су

Күн төбеңді тесердей шақырайып* тұр. Асан үйінен шығып, малды ауылдағы атасынікіне беттеді. Демалыс кезінде атасына барып, сәлем бермекші. Орта жолға жетпей-ақ шөлдей бастады. «Бекер қуырдақ жеген екенмін» деп ойлап келеді.

Әбден шөл қысқанда ерні кезеріп, тамсанып қояды. «Шіркін, бір ұрттам су болса ғой». Кенет ойына жолда кездесетін бұлақ түсті. Жалғызаяқ жолмен соған қарай бұрылды. Міне, аңсаған бұлаққа да жетті. Қолын жуып жіберіп, уыстап су іше бастады. Тап-таза, мөп-мөлдір су ерекше тәтті сияқты көрінді. Шөлдегенде ішкен судың дәмділігіне ештеңе жетпес. Неткен рақат!

УЫС

«Зерде» журналынан

• Сұрақтарға жауап бер.

1. Асан қайда бармақшы болды?
2. Ол неліктен шөлдеді?
3. Жолда не кездесті?



4. Бұлақтың суы қандай?

5. Бұлақтың суы неліктен ерекше болып көрінді?

• Сұрақтардың жауабы арқылы тірек сөздер қатарын тауып жаз.



22. Орны ауысқан сөйлемдерді ретке келтіріп жаз.

Теңіз одан әлдеқайда көп. Жер бетінде төрт мұхит бар. Олардың саны отызға жетеді.

• Сан есімдерді тап. Оларға сұрақ қой.

23. Ойлан, тап. Ол қай сан?

Оңынан оқысаң, ол – сан,
Терісінен оқысаң, ол – сан.

24. Құрамында сан есімі бар сөздерді сөзбен жаз.

К+2+лік, 7+к, тү+1, к+3+ік, жел+90, 6+бақан*.

Үлгі: кекілік, ...

25. Мақалды оқып, жатқа жаз.

Бір кісі қазған құдықтан
Мың кісі су ішеді.

• Сан есімнің қай сөзбен байланысып тұрғанын сызбамен көрсет.

• Мақалдың мәнін түсіндір.



26. Ертегіні оқы.

109

Түйе мен түлкі

Түлкі тоғайда түйені көреді. Денесі ойқы-шойқы, олпы-солпы екен. Осыдан бірдеңе түсіп қалар деп, алыстан аңдып жүреді. Бір күні түйе өзеннің арғы жағына өтеді. Оны бақылап тұрған түлкі:

– Уа, Түйе, су терең бе екен? – деп сұрайды.

– Терең емес, тізеден ғана келеді, – дейді **Таяз** Түйе.

– Тізеден ғана болса, таяз екен, – деп, Түлкі түйе жаққа өтпек болады. Суға түседі де, арғы жағаға бет алады. Өзеннің ортасына да жетпей, бір батып, бір шығып, қақалып-шашалып суға тұншыққан Түлкі Түйеге айғай салады.

– Тізеден дегенің көне, мен батып барам ғой!

– Е, сенің тізең мен менің тізем бірдей ме? «Өлін білмеген әлек» деген осы, – дейді Түйе.

«Қазақ ертегілері» кітабынан

- Ертегі мазмұны бойынша бір-біріне сұрақ қой.
- Түйе мен түлкінің қайсысының жауабы шындық, қайсысы жалған екенін дәлелде.

27. Мәтінді көркем жаз.

Зайсан көлі Шығыс Қазақстан облысында орналасқан. Көлдің ұзындығы 100 километрден асады. Тереңдігі – 8-9 метр.

«Қазақстанның өзен, көлдері» кітабынан

- Сан есімдерді тап. Олардың қай сөзбен байланысып тұрғанын айт.


ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

28. Жағдаятты оқып, сұрақтарға жауап бер.

Серік достарымен бірге ауыл сыртындағы бұлаққа келді. Ол бұлақ көзін шөп-шалам, босаған ыдыс және қоқыстар басып, бітеліп қалғанын көрді...

Сұрақтар:

1. Балалардың әрекеті қандай болмақ?
 2. Бұлақ көзінің бітеліп қалуына кімдер кінәлі деп ойлайсыңдар?
- Жағдаятқа байланысты өз ойыңмен бөліс.



29. Ойлан, тап.

Бір топ бала тоғаннан
Он бес балық ұстадық.
Бөліскенде оларды
Тиді әркімге үш балық.
Сынайын бір ал сені,
Бала саны қанша еді?

Сұлтан Қалиев



30. Өлеңнің ұйқасын тауып жаз.

110

Сылдыр ...
Тадан ...
Жатыр ...
Мөлдір ...

құлап

қағып

ағып

бұлақ

«777 жұмбақ» кітабынан

31. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Балықшының ұлымын

Сескенбеймін* дауылдан,
Селк етпейтін таудаймын.
Ақ теңізде айдыннан
Ақ сазандар аулаймын.

Батыр екен өзі деп,
Үлкендер де мақтайды.
Жетілетін кезі деп,
Талабымды жақтайды.

Ел сенімін ақтайтын
Балалардың бірімін.
Мәңгі тыным таппайтын
Балықшының ұлымын.

Базарбай Исабаев

- Өлең қай жақтан айтылып тұр?
- Өлең неліктен «Балықшының ұлымын» деп аталып тұр?
- Балықшының ұлына сұрақтар дайында.

Теңіз айдынына шыққанда қорқыныш сезімі болды ма?

...
...

- Мәтіндегі мағынасы түсініксіз сөздерді белгіле. Олардың мағынасын сөздіктен біліп ал.

32. Өлеңнің тыныс белгілерін қойып жаз.

Су табиғат байлығы
Өзен-көлге барғайсың
Кемі екі рет әр күні
Суға түсіп тұрғайсың

Ермек Өтетілеуұлы


- Сан есімнің астын сыз.

33. Ребустарды шеш. Шешуіндегі сөздерді қатыстырып сөйлемдер құра.



- Ребустардың шешуіндегі сөздер сан есім екенін дәлелде.

Дәлелдеу үлгісі:

Бұл – сан есім, өйткені  заттың санын білдіреді.
...

34. Жұмбақты оқып, шешуін тап.

Дәмі де жоқ, түсі жоқ,
Пайдаланбас кісі жоқ.

- Жұмбақтың шешуіндегі сөзді сипатта. Сен бұл сөзбен қандай жұмбақ құрастырар едің?



Есептік және реттік сан есім

111

35. Мәтінді оқы.

Таза бұлақ

Бір бұлақтың басында үш жолаушы бір-біріне кез болыпты. Бұлақ бір тастақ жерден шығып жатыр екен.

Бұлақтың қайнап жатқан көзіне жақын жерге бір қазандай қара тасты қойыпты да, тасқа «Ей, жолаушы, болсаң осы таза бұлақтай бол!» деп жазыпты. Үш жолаушы бұлақтан шөлдері қанғанша су ішеді, тастағы жазуға көздері түседі.

Сонда бірінші жолаушы тұрып былай дейді:

– Бұл жазылған ақыл сөз екен. Бұлақ күні-түні тынбай ағып, алыс жерлерге барады. Бара-бара кеңейіп, үлкейеді. Бұған жол-жөнекей кішкене бұлақтар қосылып, сөйте бара, үлкен өзен болып кетеді. Мұнан мынандай ғибрат* алуға болады. Сондай адал ғибрат қызмет қыл, еш уақытта жалқауланып тоқталып қалма, сөйтсең, ақырында сен де үлкейіп, мұратыңа жетесің дегені деп білемін, – дейді.

БІбырай Алтынсариннен

- Жолаушылар қай жерде кездесті?
- Бұлақ қандай екен?

- Бұлақ басындағы таста не деп жазылыпты?
- Бірінші жолаушы сөздің мағынасын қалай түсінді?
- Екінші және үшінші жолаушы сөздің мағынасын қалай түсінгенін болжап көр.
- Ақыл сөздің мағынасын топта талқыла.
- Мәтіндегі қарамен берілген сан есімдерді салыстыр. Бұлардың бір-бірінен өзгешелігі неде деп ойлайсың?



Сан есім есептік және реттік болып екіге бөлінеді. **Қанша? неше?** сұрақтарына жауап беретін сан есімдерді есептік сан есім деп атайды: *бес, алты, жеті*.

Нешінші? сұрағына жауап беретін сан есімдерді реттік сан есім деп атайды: *бесінші, алтыншы, жетінші*. Реттік сан есім есептік сан есімге **-ыншы, -інші, -ншы, -нші** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.

36. Мәтінді көркем жаз.

Есіл өзенінің тереңдігі – 2 метр. Кей жерлерде 18 метрге жетеді. Көктемде су деңгейі 10–11 метрге дейін көтеріледі.

- Сан есімдерді тап. Олардың есептік немесе реттік екенін ажырат.

37. Реттік сан есімдерді сөз құрамына талда.

Бірінші, екінші, бесінші, алтыншы, жетінші, тоғызыншы, отызыншы.

- Реттік сан есімдерге жалғанған қосымшаның екі түрлі (**-ншы, -ыншы**) болу себебін түсіндір.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

38. Далада ойнап жүрген Жанат үйге жүгіріп кірді. Анасынан далада жаюлы тұрған кірлерді жинап алуын өтінді. Анасы түсінбей, себебін сұрады. Жанат қалай жауап берді деп ойлайсың?



39. Өлеңді мәнерлеп оқы.

112

Суға жүзу

Көлдің бетін иректеп,
Қалқып жүрген үйрек көп.
Інім тұрды қыңқылдап:
«Жүзуді, аға, үйрет», – деп.

Көлдің үстін сызғылап,
Жүзген қаздар ызғын*-ақ.
Құр қызықтап көрумен
Қайтамыз ба біз бірақ...

Дәрменсіздік* танытпай,
Үйренуден жалықпай.
Інішегім екеуміз
Жүзсек дейміз балықтай.

Әділғазы Қайырбеков

- Өлең мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қой.
- Суда жүзудің пайдасы қандай?
- Суда жүзуді үйрену үшін не істеу керек деп ойлайсың?
- Өлеңдегі қарамен берілген сөздердің мағынасын сөздіктен біліп ал.

40. Есептік сан есімді реттік сан есімге айналдырып жаз.

бір қатар – ... қатар
үш орын – ... орын

ТОҒЫЗ мектеп – ... мектеп
алты сынып – ... сынып



• Сан есімдерге сұрақ қой. Олардың мағыналық өзгешелігін айтып түсіндір.

41. Өлең жолдарының ретін тауып жаз.

Ақ сүт берген анадай
Зыр жүгіріп ағады.
Асыр салып баладай
Сусындатар даланы.

Тұрсын Елеусізұлы

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС



42. Жағдаятты оқып, сұрақтарға жауап бер.

Арман бақ ішінде келе жатыр еді, терек бұтақтарын сындырып жатқан балаларды көрді де, тұрып қалды...

Сұрақтар:

1. Арман не істеді деп ойлайсың?
2. Арманның орнында сен болсаң, не істер едің?



43. Тақырыбы бойынша ертегінің мазмұнын болжа.

113

Ажалдан құтқарған асыл сөз

(Қысқартылып алынды)

Ертеде бір хан әскерімен шеру тартып келе жатып, сусыз шөлге кездеседі. Олар шөлден қатты қиналып келе жатқанда, алдарында қой жайып жүрген бір қойшыны көреді. Хан қойшыны алдырып, амандаспастан:

- Су қайда? – дейді.
- Су дегенің көл ме? – дейді қойшы.
- Өзің қалай қисық сөйлейсің? Бізге ауызсу керек! – дейді айқайлап.



– Мен хан ішеді деп қасқып жатқан бұлақ көргенім жоқ, – дейді қойшы. Хан қатты ашуланып:

– Неге судың жөнін айтып бермейсің?.. Қазір басыңды алғызайын. Ал мынаның басын! – деп, жендеттеріне өмір етеді. Қойшы:

– Тақсыр, хан, дат! – дейді.

– Датың болса айт! – дейді хан.

– Мен қой бағып жүрген қойшымын. Менің басымды алғаныңызды елеп, сондай бір жауды жеңіпті деп, сіздің батырлығыңызды ешкім дәріптей ме? Қайта «қолында қаруы жоқ, қасында қорғаушысы жоқ қойшыны өлтіріпті» деп күледі ғой. Жауына әлі келмеген соң, кегін қол астындағы қойшыдан алыпты демей ме. Аламын десеңіз, міне басым, – деп қойшы тізерлеп отыра кетіпті.

Хан сөзден жеңіліп, қойшыны босатыпты. Ал қойшы судың қайда екенін айтып беріпті.

Ел аузынан жазып алған Сапарғали Бегалин

- Хан әскерімен бірге қайда тап болды?
- Хан қойшыдан не сұрады және ол неге ашуланды?
- Қойшы ханды сөзден не деп жеңді?
- Ертегі мазмұнын кестеде берілген тақырыптар бойынша топта талқыла.



I топ	II топ	III топ	IV топ
Хан	Қойшы	Хан мен қойшы	Ертегінің аяқталуы


44. Мәтінді көркем жаз.

Арал теңізі Каспийдің шығыс жағына орналасқан. Көлемі жағынан дүниежүзінде төртінші орын алады. Тереңдігі жиырма бес метрден аспайды.

- Сан есімдердің астын сыз. Сан есімнің қай түрі екенін ажырат.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

45. Бақалар үш рет секіру жарысында жүлделі орынға ие болды. Әр бақа үш рет секіргенде әрбір келесі секіру алдыңғысынан бір метрге қысқа болды. Сонда үш рет секіргенде, әр бақа неше метр қашықтыққа секірді?



46. Жаңылтпаштың қатесін түзеп жаз.

Құдық – күдіксіз құдұқ,
Суы суық тұнұқ құдық.



47. Өлеңді тыңда.


114

Жаңбыр

Жауа берші, жау, жаңбыр,
Дала көркін жандандыр.
Жауа берші, жау, жаңбыр,
Қаулап өссін алуан гүл.
Жауа берші, жау, жаңбыр,
Әрбір тамшың – тамған нұр,
Әрбір тамшың – тамған дән,
Асып жатсын қамбамнан!

Бейсебай Кірісбайұлы

- Өлеңде не туралы айтылған?



• Жаңбыр жауғаннан кейін табиғатта қандай өзгерістер болады?

• Өлең мазмұнын әңгімеге айналдырып жаз.

48. Сандарды сөзбен жаз.

4, 5, 6, 7, 10, 20, 90, 18, 23, 56, 67.












• Бұлар қандай сан есімдер?

49. Нешінші? сұрағына жауап беретін сөздерді қатыстырып сөйлемдер құра.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

50. Бос торкөзге тиісті әріптерді қойып, жасырынған сөзді тап. Сол сөз неше әріптен тұрғанын айт.

К – 	М – 	Р – 	С – 
Е – 	І – 	А – 	О – 
П – 	Қ – 		

51. Ойлан, тап.

Балықшылар қатар отыр,
 Қармақтарын салып отыр.
 Балықшы Әшімхан
 Ұстады үш сазан.
 Балықшы Сақтаған
 Ұстады төрт табан.
 Балықшы Құсайын
 Ұстады қос жайын.
 Өзеннен қанша балықты
 Ағалар аулап алыпты?

«Ақ желкен» журналынан





115

НӘТИЖЕ САБАҚ

Мен не үйрендім?

1. Ертегіні мұқият тыңда.

Жапырақ

Көктем келді. Аққайың бұтақтарындағы өркендер* де шетінен бүр жарып*, жапырақ жаюда. Тек кенже бүршік қана асыға қоймады. Бірақ күннен-күнге жылуы күшейе түскен күн сәулесі аймалап жүріп, оны да қауызын* жарып шықпасына қоймады. Бойына жылу жүгіріп, есінеген бүршік кенет жарыққа шықты. Демде жасыл Жапыраққа айналды. Ол өзін қоршап тұрған табиғаттың сұлулығын көріп қайран қалды. Табиғат қандай әдемі еді! Жапырақ жан-жағына көзі тоймай қараумен болды. Құстардың сайраған көңілді үніне құлақ түрді*. Самал желмен тербеле бақытты күй кешті*.

Бір күні күн суыта бастады. Жауын жауғаннан кейін бойы мұздады*. Жапырақтар сары, қоңыр, қызыл түске боянды. Аспанды жиі-жиі бұлт торлайтын болды.

Бір күні ол Аққайың анадан табиғаттың бұл өзгерісінің сырын сұрады...

М. Сенбайқызынан

- Сұрақтарға жауап бер:

1. Ертегінің басқы бөлігінде жылдың қай мезгілі туралы айтылған?
2. Не жапырақ жайды?
3. Кенже бүршік қайтті?
4. Ол қандай жапыраққа айналды?
5. Жасыл Жапырақ табиғаттың қандай көріністеріне қайран қалды?



6. Қай мезгілде жапырақ мұздай бастады?
7. Жапырақтар қандай түске боянды?
8. Жапырақтың сұрағына анасы не деп жауап беруі мүмкін?

• Қарамен жазылған сұрау мағынасындағы сөздерге назар аудар. Осы сөздерге жауап болатын сөздермен тірек сөздер қатарын құра.

Үлгі: Көктем, аққайың, ...

2. Ертегіге ат таңда.

Жапырақ

Жасыл жапырақ

3. Жоспарға сәйкес ертегі бөліктерін тап.

1. Жасыл Жапырақ.
2. Күннің суытуы.
3. Жапырақтың сұрағы.

4. Жоспар және өзің белгілеген тірек сөздердің көмегімен «Жапырақ» ертегісінің мазмұнын айтып көр.

5. Ертегідегі түсініксіз сөздердің беретін мағынасын түсіндірме сөздіктен тауып жаз.

6. Ертегіден сын есімі бар сөйлемдерді теріп жаз. Сын есімдерді былай белгіле: *сын е.* Негізгі және туынды сын есімдерге ажырат.

7. Мазмұндама жазуға дайындал. Ол үшін келесі реттіліктерді жүзеге асыр:

1. Мәтінді оқы. Түсініксіз сөздер мен сөйлемдерді анықта. Олардың беретін мағынасы мен мазмұнын біліп ал.

2. Мәтіннің тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықта. Мәтін авторының оларды қалай ашқанына назар аудар. Мәтіннің тақырыбы мен ондағы негізгі ойды ашу үшін қандай сөздерді қолдану қажеттігін ойлан.

3. Жоспар құр. Ол үшін мәтін бөліктерінің санын анықта. Әр бөліктегі басты нәрсені белгілеп, ат қой.

4. Жазуда қиындық келтіретін сөздерді тауып жаз. Олардың жазылуын есіңе сақта. Сөйлемдердің құрылымына және олардың тыныс белгісіне назар аудар.

5. Мәтінді тағы бір оқып шық. Мазмұнын іштей айтып көр. Жоспар бойынша мазмұндама жаз. Әр бөлікті азат жолдан бастап жазуды ұмытпа.

6. Жазған мазмұндаманды тексер.



Шығарма.

116



Бақылау диктанты.

117–118



ДЕМАЛЫС МӘДЕНИЕТІ

Мерекелер



- Жыл бойы өткенді қайталап, *еске түсіремін.*
- Мәтін және сөйлем;
- дыбыс және әріп;
- сөз және оның құрамы;
- сөйлем мүшелері;
- сөз таптары туралы білімімді *бекітемін.*

ЖЫЛ БОЙЫ ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ



Мәтін және сөйлем

119 1. Мәтінді түсініп оқы.

Біздің бөріміз де мерекені жақсы көреміз. Оған дайындаламыз.

Халықтық мерекелер – 22 Наурыз, 8 Наурыз, 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні, 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні, 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні және басқалары. Сонымен бірге кәсіптік мерекелер бар. Жыл сайын әртүрлі мамандық иелері – дәрігерлер, мұғалімдер, құрылысшылар, шахтёрлер, металлургтер, тағы басқалар өз мерекелерін тойлайды. Бұл күні мерекелік жиналыс, салтанатты кеш өтеді. Үздік жұмысшыларға, қызметкерлерге атақ және сыйлықтар беріледі.

- Мәтін мазмұнына сәйкес атты анықта.

Кәсіптік мерекелер

Халықтық мерекелер

Мерекелер

Мерекеде

- Мәтіннің қай түрі?

әңгімелеу

сипаттау

пайымдау

- Мәтін бөліктерінің атауын толықтыр.

1. Мерекелік дайындық.
2. ...
3. ...


2. Көп нүктенің орнына бастауыш болатын сөзді тауып жаз.

... мерекені ұнатамын. ... мерекеге қызу дайындала-мыз. Маған ... мерекесі өте ұнайды.

- Бұлар жай сөйлемнің қай түрі екенін айт.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

3. Балалардың қай мерекеге дайындалып жатқанын білу үшін, олардың орнын ауыстыра отырып мерекенің атын тап.



- Бұл мерекені сен қалай қарсы аласың? Әңгімеле.

4. Сөздердің аражігін ажыратып, мақалды жаз.

БІРЛІҚБАРЖЕРДЕТІРЛІҚБАР.



5. Мәтінді оқы.

120

Анаға құрмет

Аналар күні қарсаңында біздің отбасымыздағы балалардың үлкені Асқар:

– Аналар күні жақын қалды, анамызға сыйлық даярлайық, – деп ұсыныс жасады.

– Анамызға беретін сыйлықты өзіміз қолдан жасайық, – дедім.

Асқар мектеп шеберханасынан үлкен қондырғы жасап әкелді. Мен оған ақ мата керіп, оның ортасы-

на күннің суретін салдым. Маржан мен салған сурет бойынша кесте тікті. Бүкіл ғаламға сәулесін таратып тұрған күннің ортасына анамыздың суретін орналастырдық. Суреттің астына мен «Ана – біздің күніміз!» деп әдемілеп жаздым.

Аналар күнінде ерте тұрып, үй жинадық. Маржан тамақ дайындады. Біз анамызды дастарқан басына шақырдық.

– Анашым, мерекеңіз құтты болсын! – дедім күлімдеп.

– Біз сізді жақсы көреміз! – деп Асқар анамызды құшақтады.

Маржан сыйлығымызды ұсынды. Ананы құшағымызға алып сүйдік.

Әдібай Табылды

- Аналар мерекесі қашан тойланады?
 - Мәтін кейіпкерлері аналарына қандай сыйлық дайындады?
 - Өзің анаңа қандай сыйлық жасайсың?
 - Мәтіннің «Анаға құрмет» деп аталу себебін дәлелде.
 - Мәтіннен қаратпа сөзі бар сөйлемді тауып жаз.
6. Өлеңнің тиісті тыныс белгілерін қойып, көшіріп жаз.

Ана – біздің күніміз
 Ананың біз – гүліміз
 Ұландарды қуантып,
 Ұзақ өмір сүріңіз!

Әдібай Табылды



7. Ашықхат мәтіні бөліктерінің сұрағы мен сөзін сәйкестендір.

1. Кімге арналады?
2. Немен құттықтайды?
3. Қандай тілек жазылады?
4. Тілек білдіруші кім?

Қаратпа сөз:
Қымбатты ...
Аса қадірлі ...


туған күніңмен
мерекенізбен
құттықтаймын!

... денсаулық,
... күш-қуат,
... өмір
тілеймін.

Ізгі ниетпен

- Туыстарыңа немесе досыңа ашықхат жаз.
- Жазған ашықхатың туралы жұбыңмен ой бөліс. Өзара тексер.

8. Суреттер бойынша сөйлемдер құрастыр.



- Сөйлемдерді жай сөйлем түріне және сөйлем мүшелеріне талда.

**9. Мәтінді оқы.**

121 Наурыз – жыл басы. Бұл кезде күн ұзарады. Қыста жоғары көтеріле алмай, төменде болатын Күн енді өрмелеп, төбеге шығады. Осынау шуақты әрі батпай ұзақ тұратын көктем күнін қазақтар қадірлеп «Ұзынсары» деп еркелете атаған. Оның мағынасы терең – «ұлыстың Ұлы күні» деген сөз. Бұл күнді тойлау – халқымыздың ежелгі салты.

«Жыл он екі ай» кітабынан

- Мәтін мазмұны бойынша сұрақ қойып, оған жауап бер.
- Мәтінде «ұзынсары» сөзі нені білдіреді? Жауабын жаз.
- Мәтінге ат қой.
- Наурыздың жыл басы болу себебі неде деп ойлайсың?
- Сендер бұл мерекені қалай тойлайсыңдар?

10. Сөйлемдердің тиісті тыныс белгілерін қойып жаз.

Наурыз жыл басы бұл кезде күн ұзарады түн қысқарады наурыз – ұлттық дәстүрімізді дәріптейтін мейрамымыз

- Мәтіндегі жайылма сөйлемдерді жалаң сөйлемдерге айналдырып жаз. Сызықшаның қойылу себебін түсіндір.

11. Сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне талда.


Наурыз тойының мақсаты – халыққа тоқшылық, молшылық тілеу. Сол үшін қазан-қазан наурыzkөже жасайды.

- Төмендегі кестені наурыzkөже құрамына енетін дәм атауларымен толықтыр.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

12. Суреттегі зат атауларының алғашқы әрпін торкөзге жаз. Қандай сөз шықты? Ол туралы өз ойыңды айт.



• Торкөздегі сөзбен сөйлем құрастыр. Құрастырған сөйлеміңді сөйлем мүшелеріне талда.



Дыбыс және әріп

122 13. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Ынтымақ күні

Жалауымда –
 Нұрлы күн,
 Нұрын шашып тұр бүгін!
 Паш етеді ол
Халқымның
Ынтымағын, бірлігін!

Ортақ – дәстүр, ғұрып – бай,
 Ынтымағын суытпай,

Шаңырағын көтерген
Жүз түрлі ұлт
Жүз уықтай!..

Шыңға тартса салып жол,
Қиналмайды талып бел:
Жүз иыққа сүйенген,
Қазақстан –
Алып ел!

Өтепберген Ақыпбекұлы

- Өлең мазмұны қай мерекеге сәйкес келеді?
- Ол мереке қалай аталады?
- Қалай ойлайсың, өлең неліктен «Ынтымақ күні» деп аталды?
- Кестені пайдаланып, өлең мазмұнын топта талқыла.

I топ	II топ	III топ
Халықтың ынтымағын паш етеді	Жүз түрлі ұлт жүз уықтай	Қазақстан – алып ел

• Өлеңдегі *ынтымақ, бірлік, паш етеді, ғұрып* сөздерінің мағынасын түсіндірме сөздіктен қара.

• Қарамен жазылған сөздердің түбірін тап. Түбір сөздің жазылуындағы өзгерістің себебін түсіндіріп көр.

14. Мәтінді көркем жаз.

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні. Бұл күнді халық ерекше қуанышпен тойлайды. Біз өте тату тұрамыз.

- Соңғы сөйлемдегі сөздерге дыбыстық талдау жаса.

15. Мақалдардың жалғасын тауып жаз.


1. Ырыс алды –
2. Бірлік болмай,

- Мақалдардың мағынасын түсіндір.
- *Бірлік* сөзіндегі дауыссыз дыбыс түрлерін ажырат.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

16. Суреттегі торкөзге **ф** әрпі бар сөздерді тауып жаз.

- Сол сөздерді қатыстырып сөйлем құра.



17. Сөздерді тап. Олардан сөзжұмбақ құрастырып көр.

1. Сөзді құрайтын тілдік бірлік.
2. Дыбыстың таңбасы.
3. Қазақ әліпбиіндегі әріп саны.
4. Кедергісіз шығатын дыбыс түрі.



18. Мәтінді оқы.

123

Ержүрек қыз

– Сержант Мәншүк Мәметованың өтінішін бригада газетінде жариялаңдар, – деді комиссар. Өтінішінде Мәншүк пулемётші болып, зұлым* жауды жайратқысы* келетінін айтыпты. «Өзім әлсем де, Отаным аман болса



екен!» деп жазыпты. Бір мың тоғыз жүз қырық үшінші жылы біздің атқыштар бригадасы жауды батысқа қарай тықсырып* келе жатты. Бір мезгілде жау қарсы шабуылға шықты. Жау шабуылы жақындай берді. Жараланған Мәншүк фашистердің дабырлаған үнін естіп, есін жиып алды. Жексұрын жауға өшіккен ол жарасының жанына батқанына қарамай, бірден пулеметіне ұмтылды. Оғы бұршақтай жауды. Кекті қыз жау солдаттарын баудай түсірді. Фашистер тым-тырақай кейін қашты. Енді біздің жауынгерлер шабуылға шықты. Тамаша ерлігі үшін қазақ халқының қаһарман қызына Кеңес Одағының Батыры деген құрметті атақ берілді.



- Мәтіннің тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықта.

- Жоспарға сәйкес мәтінді төрт бөлікке ажырат:

1. Мәншүктің өтініші.
2. Жаудың қарсы шабуылы.
3. Мәншүктің батыл қадамы.
4. Құрметті атақ.


- Жоспар бойынша мәтін мазмұнын жаз.

19. Мақалды тиісті тыныс белгілерімен толықтыр.

1. Батыр туса ел ырысы
Жаңбыр жауса жер ырысы
2. Ердің туы намыс.

- Мақалдардағы баяндауыштардың қай сөз табынан жасалғанын айт.

- Сызықшаның неліктен қойылғанын түсіндір.



20. В, ф, ц, ч дыбыстары туралы білетініңді еске түсір. Осы дыбыстары бар сөздермен кестені толтыр.

В	Ф	Ц	Ч

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

21. Ребусты шеш.

6 ”””

Щ



- Ребустың шешуіндегі сөзге қарсы мағыналы сөзді ата. Сол екі сөзді жаз.

- Ішінде осы екі сөз қатысатын мақалды айтып көр.



22. Өлең мазмұнын тақырыбына қарап болжа. Сонан соң өлеңді тыңда.

124

Жеңіс күні

Алтын тулар желмен ойнап,
Қуанышты ұлғайтамыз.
Жеңіс күнін жылда тойлап,
Жеңіс әнін жылда айтамыз.

Бабалардың айбынды үнін,
Тыңдаймыз біз мақтанышпен.
Тоғызыншы мамыр күні –
Тойдың күні тоқаш піскен.



Бақыт сыйлап жатады әр күн
 Санамызға жарық берген.
 Әкелері аталардың
 Бұл жеңісті алып келген.

Қуантады ән сап жұртты,
 Келе берсін бақыт таңы.
 Жеңіс күнің құтты болсын,
 Батырлардың ұрпақтары!

Тұманбай Молдағалиев

- Жеңіс күні қашан тойланады?
- Жеңіс күніне кімдердің арқасында жеттік?
- Қалай ойлайсың, өлең авторы бізді неліктен «батырлардың ұрпақтары» деп атады?
- Өлең мазмұны бойынша әңгіме құрап жаз. Әңгімеңде лепті және сұраулы сөйлемдерді пайдалан.

23. Өлеңнің қатесін түзеп жаз.

Отан үшін беттескен,
 Өліммен де от кешкен.
 Омырауын оқ тескен
 Менің атам – майдангер.

Оразақын Асқар

- *Майдангер* сөзіндегі дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажырат.

24. Мақалды оқып, мағынасын түсіндір.

Қаһарлы ел қамал бұзады.

- **Х, һ** дыбыстары бар сөзді ата. Олардың айтылуы мен жазылуын есіңе түсір.



25. Суретке қара.



- Суреттің тақырыбын анықта. Сурет бойынша әңгіме құрап айт. Мәтінге ат қой.
- Осы тақырыпқа қысқаша шығарма жаз.



Сөз және оның құрамы

125 26. Мәтінді түсініп оқы.

Елтаңба мен Ту туралы аңыз

Сонау ерте заманда бүгінгі қазақ елінің төрінде ай мүйізді, аққу қанатты қос Пырақ өмір сүріпті. Сол қос Пырақты мінген **ерлер** дүниені шарлапты. Көп уақыт өткен соң, «Отан оттан да ыстық», – деп, олар туған еліне қайтып оралыпты. Сонда қос Пырақтың алдынан қалқыған Қыран шығып:

– Иә, не көрдіндер, не түйдіндер? – депті.

Сонда қос Пырақ:

– Көргенімізді айтсақ, көп сөз, түйгенімізді айтсақ, әркімнің өз жері жұмақ екен, – депті.

– «Туған жер – тұғырың, туған ел – қыдырың», – деп қостапты Қыран.

– Шаңырағымызды өз еліміздің төріне тігуге бел байладық, – дейді қос Пырақ.

– Онда алдарыңнан жарылқасын! Шаңырағымыз биік болсын! – дейді Қыран.

Сонда қос Пырақ тұрып:

– Тауып айттың, Қыран! «Ынтымақ түбі – игілік» дейді. Сол игіліктің арқасында «Қазақстан» атты елдің мәңгілік рәмізіне айналсақ, біз үшін бақыт емес пе?

– Онда бақытымыз баянды болсын!

Міне, қысқаша түйіп айтсақ, еліміздің Елтаңбасы мен Туы осылайша пайда болыпты.

К. Оразбекұлынан



• Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қой.



• Осы мәтін арқылы бізге қандай ой айтқысы келді деп ойлайсың?

• Мәтіндегі нақыл сөздерді теріп жаз. Олардың мағынасын топта талқыла.



• *Көне, пырақ, айбар, игілік* сөздерінің мағынасын түсіндірме сөздіктен қара.

• Мәтіндегі қарамен берілген сөздерді сөз құрамына талда.

27. Өлеңді көркем жаз.

Елім менің жерге бай,
Айдынды шалқар көлге бай.

Жамбыл Жабаев

• Мәтінді сөз құрамына талда. Түбір мен қосымшаны тиісті белгімен белгіле.

28. Сөздерді оқы, түбірін тап.



Бірлік, суат, желсіз, білім, сауатты, кішілік, балалық, көрме, ақылды, ойыншық, темірші.

- Жұрнақтар сөз мағынасын қалай өзгерткенін түсіндір.

29. Сөздерді сөз құрамына талдап, кестеге түсір.

Жүзгішті, көлшік, достықпен, мектепте.

Сөз құрамы

сөз	түбір – 	жұрнақ – 	жалғау – <input type="text"/>
жүзгішті	жүз	-гіш	-ті

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

30. Соңғы сөздердің мағынасына қарай өлең құрастыр.

- ... торғайды
- ... қорғайды.
- ... ойнаймыз,
- ... ойлаймыз.



31. Өлеңді тыңда.

126

Ана тілі

Барлық тілді үйренерсің сен әлі,
Жігіт болып саналы.

Қайда жүрсең, өз еліңді ұмытпа,
Өз еліңнің туын көтер жоғары.

Мен анамды ұғындым деп мақтанам,
Тілін білдім, жырын білдім сақтаған.
Өз анасын сыйламаған пақырлар
Отанын да сыйлап көрген жоқ, балам.



Ұлым менің, бұл сөзіме бағарсың*,
Жанар кезде өзің де от боп жанарсың.
Менің қазақ жүрегімді ал, тілімді ұқ,
Ал басқасын өзің тауып аларсың.

Тұманбай Молдағалиев

- Сенің ана тілің қай тіл?
- Өлең неліктен «Ана тілі» деп аталған?
- Өз ана тілін құрметтемеген адам Отанын сүйе ала ма? Өз ойыңмен бөліс.
- Ақынның «Менің қазақ жүрегімді ал, тілімді ұқ, Ал басқасын өзің тауып аларсың» деп неліктен айтқанын топта талқыла.

32. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қойып, мәтінді көшіріп жаз.

Қазақстан... мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Мұнда бірнеше ұлт өкіл...і тұрады. О... бір-бірімен тату. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып енді.


- Жұрнақ жалғанған сөзді тап.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

33. Ойлан, тап. *Тіл* сөзі қандай мағынада қолданылған?

1. Баланың тілі – бал,
2. Тіл – қарым-қатынас құралы.
3. Жастардың тілін түсіну оңай емес.
4. Сағаттың тілі озып кетіпті.

34. Жасырынған мақалды тауып жаз.



Т – ★	Қ – ▲	Ң – ◆	Е – ♥
Л – ●	Ы – ■	І – ☾	Ш – ◇
А – ☼	Д – ☀	Ө – ☼	М – ✨




35. «Кім көп біледі?» ойыны. Ойынның шарты: ана тілі туралы мақал-мәтел айтыңдар. Ең көп мақал-мәтел айтқан оқушы жеңімпаз болады.



36. Сөзжұмбақты шеш. Сол арқылы қандай мереке жайлы айтылып тұрғанын болжа.

127



1. Мемлекеттік рәміз.
2. Әріптер қатары.
3. Үй құсы.
4. Мемлекеттік рәміз.
5. Ешкінің төлі.
6. Сұйық зат.
7. Сүттен жасалған тағам.
8. Мемлекет.
9. Музыкалық аспап.
10. Оқу пәндерінің бірі.
11. Түнде ұшатын құс.

- Тәуелсіздік күні қай күні тойланады?
- Биыл еліміздің тәуелсіздік алғанына неше жыл болды?
- Елімізде тәуелсіздік құрметіне арналған қандай ескерткіштер бар?

37. Көркем жаз.

Қазақстан – біздің сүйікті атамекеніміз. Ол 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздігін жариялады. Еліміз әлемге танылған мемлекет болды.

• Қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына талда. Түбір мен қосымшаны тиісті белгімен белгіле.

38. Тірек сөздерді пайдаланып, «Туған елім – мақтанышым» тақырыбында өңгіме құрап жаз.

Тірек сөздер: мемлекет, туған ел, Қазақстан, әлем, тәуелсіз, кең-байтақ, мақтан етемін, алтын дөңді.

39. Түбірлес сөздерді топта.




Сөз таптары

128 40. Мәтінді тыңда.

Ауылға барғанда

Мен биылғы жазда ауылға бардым. Онда менің Ергөбек ағам тұрады. Жаз бойы ағамның қыздары Назер-



ке, Үмітпен бірге картоп түптедік, пияздың арамшөбін жұлдық.

Шілденің ыстығы кезінде суға түскен қандай рақат! Қайта-қайта шомылып жүріп мен малтуды да үйрендім. Ауылдағы әрбір күнім қызықты өтті.

– Балам, Дарханжан ала жаздай жәрдем берді. Бір мая шөп тұрғыздыңдар. Еңбегіне бірдеңе беретін шығарсың? – деді әжем. Былтыр бір қой атаған еді.

– Жо-жоқ, берем ғой... – деді ағам күліп. – Биылғы жұмысы ерен* болды. Сондықтан тор биенің құлынын мінгізсем бе деп отырмын.

Сөйтіп, ауылдан ат мініп қайттым. Биыл құлын болғанымен, өсе келе ат болмай ма?!

«Жыл он екі ай» кітабынан

- Дархан қайда барды?
- Ауылда Дархан немен айналысты? Ол қандай бала?
- Оған ағасы не атады? Неліктен?
- Ал сен ауылға бардың ба? Ауылға барғанда не істейсің?
- Саған қайда демалған ұнайды?
- Мәтіннің алғашқы екі сөйлемін жазып, сөз таптарына талда.

41. Көп нүктенің орнына негізгі зат есімді қойып жаз.

... – кезекші

... – іскер

... – сыйлық

... – сөздік

... – көлшік

... – достық

- Негізгі зат есім дегеніміз не?
- Туынды зат есім дегеніміз не? Бұлардың бір-бірінен айырмашылығы неде?






42. Кестені тиісті сөздермен толтыр.

Түбір сөз	Жұрнақ	Туынды сөз
жұмыс	-шы -лық -тық -кер -ла -да	жұмысшы

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

43. Сағат тілі бойынша екі әріптен қалдыра отырып оқысаң, мақал шығады. Қай әріптен бастап оқу керек?





44. Мәтінді оқы. Ат қой.

129

Жазғы демалыста Арман мен Нұрлан атасы мен әжесінің ауылына қыдырып барды. Бір уақыт аталарына көмектесті. Бау-бақшаны арамшөптерден тазартып, ретке келтірді.

Бірде Арман Нұрланды шақырды. Ағаш түбінде шиқылдап жатқан сарыауыз балапанды көрді. Бұл ағаш басындағы ұядан құлап түскен торғайдың балапаны екен. Өзі кіп-кішкентай, жүні жоқ, қызылшақа балапан шиқылдай береді.

Арман сатыға шығып, балапанды ұясына қайта салды. Атасы немерелерінің бұл әрекетін құптады.

«Жыл он екі ай» кітабынан

- Мәтін неге үш бөлікке бөлінген?
- Әр бөліктің тақырыбын анықтап, оларға ат қой.
- Балапанды сипаттау мәтіннің қай бөлігінде берілген?
- Сұрақтардың жауабын жаз.


1. Арман мен Нұрлан аталарына қашан және қалай көмектесті?

2. Олар қандай балапанды тауып алды?

3. Балалар не істеді?

• Өзіңді Арманның орнына қойып көр. Не істер едің? Ойыңмен бөліс.

45. Келесі беттегі сөздерді оқы. Оларды төрт бағанға бөліп, мына үлгі бойынша тақтаға жаз.



Арқандады, мақтанба, киін, ойла, майла, тұзда, шегеле, тербетпе, баспа, барма, оқы, үрле, үз, отыр, жүз, өкпелеме.



46. Берілген сөздерге тиісті жұрнақтар жалғап, туынды есім жаса.

1. жаз, көр, біл, айт

2. бал, дәулет, өнер



- Осы сөздерді қатыстырып, сөйлемдер құрап жаз.

47. Суретке қара. Оның тақырыбын анықта.



- Суретте не бейнеленген? Әңгімеле.
- Сурет бойынша әңгіме құра. Құраған әңгімеңді айтуға дайындал және оны жаз.
- Мәтінінде сөз таптарының қайсысын қандай мақсатта қолданғаныңды анықта.





48. Өлеңді мәнерлеп оқы.

130

Жазғы саяхат жыры

Асқар тау, ну* орман, айдын көл,
Асыл кен, көк егін, самал жел.
Жарқын жаз шақырды қол бұлғап,
«Жас ұлан*, бізге кел, бізге кел!»

Жол ашық, көңіл шат, бол сергек*,
Келеміз жорықта серуендеп.
Ұлы Отан – жер қандай тамаша,
Көркейткен жемісті ұлы еңбек.

Жас ұлан, кел біздің қатарға,
Дайындал жолы ұзақ сапарға.
Жанқияр* ерлерше өсеміз,
Жан күшін арнаймыз Отанға!

Мұзафар Әлімбаев

• Өлеңнің тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықта. Автордың ойымен келісесің бе? Жаздан не күтесің?

• «Жазғы демалысты мен не үшін күтемін?» тақырыбына шағын әңгіме құрастырып жаз.

• *Ұлан, ну, сергек, жанқияр* сөздерінің мағынасын түсіндірме сөздіктен анықта.

49. Жұмбақтың шешуін тап.

**Төрт ұзын аяғы бар,
Басында тарам-тарам таяғы бар.**

• Қарамен жазылған сөздерге сұрақ қой. Сөз таптарына және сөйлем мүшелеріне талда.

50. Мақалдардың жалғасын тауып жаз.

1. Жеті рет өлшеп,
2. Аңдамай сөйлеген



3. Татулық – табылмас

4. Жақсыда

- Мақалдардың мағынасын түсіндіріп көр.
- Сөз таптарына талда.

51. Оқушының хатын оқы.

Сәлеметсің бе, Айдар!

Кітабың үшін рақмет. Өте қызықты екен. Халің қалай? Сабағың ше? Бассейнге барып жүрсің бе? Мен де жүзуді үйреніп жүрмін.

Мен Жандоспен доспын. Екеуіміз бірге ойнаймыз, сабаққа бірге дайындаламыз. Алда – жазғы демалыс. Демалуға қайда барасың? Бізге қонаққа кел.

Досың Рахат

- Хаттағы қаратпа сөзді ата. Хаттың әр бөлігінде не айтылған?

52. Досыңа не туыстарыңның біріне хат жаз. Хатта мектебің, қалай оқитының және қалай демалатының туралы хабарла.



131

НӘТИЖЕ САБАҚ

Мен не үйрендім?

1. Мәтінді түсініп оқы.

Туған өлке

Сонау оңтүстіктен ұшып шыққан Қараторғай ағаш басына орнатылған үйшігіне биыл да шаршап-шалдығып өрең жетті. Оның бұл үйшікті меншіктеніп, балапандарын ұшыра бастағанына да бес жыл өтті. Күн суыта оңтүстікке ұшып кетіп, әр көктем сайын қайтып оралу қашанғы әдетіне айналған.

Жылы жақтан туған өлкеге жету үшін асқар таулар



мен шалқар көлдерді, аңызға аптап* шөлдерді ұшып өту қиынның қиыны.

Көңілін қуаныш кернеп отырған оның қасына Қарға ұшып келіп, сәлемдесті де:

– Азып-тозып қайта оралғанша, мәңгі жаз өлкесінде неге қалып қоймайсың? Саған таңғаламын. Тіпті жаным ашиды, – деді қамқорсып.

– Туған жерге деген сағыныш жүрегімді кернегенде* қанатыма қуат, жанарыма шуақ толып кетеді. «Отан – оттан да ыстық» деген емес пе?! – деп дүр сілкінген Қараторғай шаттанып сайрай жөнелді.

Бекмұхамбет Серіков

- Мәтін не туралы? Тақырыпты анықта:

- 1) Қараторғай мен Қарға туралы;
- 2) туған жерге деген сағыныш туралы;
- 3) Қараторғайдың үйшігі туралы.

- Төмендегі қай пікір ақиқат? Қай пікір жалған?

1. Солтүстіктен ұшып шыққан Қараторғай үйшігіне өрең жетті.

2. Әр көктем сайын қайтып оралу Қараторғайдың әдетіне айналмаған.

3. Оның қасына Қарға ұшып келіп, сәлемдесті.

4. Қараторғай туған жерге деген сағынышын жеткізді.

- Мәтіннен негізгі ойды білдіретін бөлікті тауып жаз. Мақалды сөз таптарына қарай талда.

2. Оқы. Әр қатардағы сөздерден сөйлем құра. Алдымен тұрлаулы мүшелердің, сонан соң оларды анықтап, толықтырып тұратын тұрлаусыз мүшелердің сөзін таңда.

1. Орманға, көктемде, біз, бардық.
2. Көтерілді, күн.
3. Соқты, самал, жел.

4. Ән, ағаштар, салып тұр.

5. Болғым келеді, естіп, тату дос, батыл ер, бұл, әнді.

• Құраған сөйлемдеріңді жаз. Бұларды қандай тақырыпқа біріктіруге болады? Осы тақырыпты бір сөйлеммен толықтыр.

• Бірінші сөйлемдегі тұрлаулы мүшелердің астын сыз. Осы сөйлемде тұрлаусыз мүшелер қандай рөл атқаратынын айт.

• Мәтіннің түріне ажырат.

3. Диалогтерді оқы. Неліктен күлгеніңді айт.

1.

– Аян, сен әліпбиді жатқа білесің бе?

– Иә.

– А-дан кейін қай әріп тұрады?

– Барлығы.


2.

– Әже, зообаққа барайықшы?!

– Қай анды көргің келеді, күнім?

– Динозаврды!





- Қай диалог қызықтау болды? Неліктен? Ойыңмен бөліс. Қай сурет қай диалогке қатысты екенін анықта.

- Өзіңе ұнаған диалогті көшіріп жаз. Қаратпа сөздің астын сыз.

- *Динозавр* сөзінің мағынасын сөздік арқылы анықта.

4. Қай сөздердің мағынасы дұрыс анықталмағанын тап және дәлелде.

1. Сөз – заттың, сапаның, қимылдың атауы.

2. Мәтін – сөздің одан әрі бөлінбейтін мағыналы бөлігі.

3. Түбір – мағыналық жағынан өзара байланысты сөйлемдер тобы.



132

БІЗДІҢ



Есіміңнің құпиясы

• Ертеректе жаңа туған балаға ата-анасы қойған есім оның мінезі мен тағдырына әсер етеді деп сенген. Сондықтан жас нәрестеге ат таңдауда оның білдіретін мағынасына аса мән берген. Бертін келе басқа халықтармен араласу адам есімдерінің біраз өзгеріске түсуіне алып келді. Араб, парсы және басқа тілдерден енген есімдер пайда бола бастады. Есімдердің шығу тәркініне үңілетін болсаң, көптеген қызықты жайттарға тап боласың. Оған төмендегі тапсырмаларды орындау барысында көз жеткізесің.

1. Төмендегі кейбір есімдердің түсіндірмесін оқы.

Қазақ есімдері

Абай – абайлағыш, байқағыш; ойшыл.

Айдар – мықты, күшті, зор.

Әсем – сән, көрік; әдемі.

Іңкәр – құштарлық, ынтызарлық.

Айқын – әйгілі, белгілі, нақты.

Мерей – бақыт; қуаныш.

Ақжан – адал, таза адам; ақкөңіл.

Арай – таң шапағы; шұғылалы сәуле.

Аян – көпке белгілі, жұртқа мәлім.

Айару – аппақ; адал; жарық; сұлу, әдемі.

Араб тілінен енген есімдер

Абзал – ардақты, өте қадірлі, аса құрметті.

Абылай – ата, әке.

Әмина – адал, сенімді.

Жазира – ен дала, кең аймақ.

Ләйла – кеш, түн.



Данияр – жақын, таныс.

Мұхтар – ерекше, таңдаулы, таңдамалы.

Ғизат – құрмет, сый; адал, құрметті, қадірлі.

Әнуар – нұрлы, жарық, жарқыраған; ең жақын.

Парсы тілінен енген есімдер

Асхат – ең бақытты; құтты, ырысы мол.

Айна – жарқын, таза.

Мадияр – іскер.

Дина – білгір, данышпан.

Заида – өсуші, өркендеуші.

Гүлназ – еркелік; әдемі, әсем.

Жәния – нәзік жанды.

Рүстем – батыр, ержүрек.

Түркі және басқа халықтардан енген есімдер

Баян – мықты, зор, бай.

Дулат – ежелгі түркі тайпасы.

Ерсайын – ноғайлы дәуірінің батыры.

Манас – ержүрек, батыр, батыл.

Сандуғаш – әнші құс, бұлбұл.

Ұлан – бала; азамат; жауынгер.

Инжу – қымбат асыл тас, маржан.

2. Туыстарыңның қайсысы осы аттармен аттас? Олардың мінезі, жеке қасиеті есімінің білдіретін мағынасына сәйкес келе ме?

3. Өз есіміңнің білдіретін мағынасын анықта. Жоғарыдағы есімдер тізімінде жоқ болса, дереккөздерден ізде.

4. Өз есіміңнің шығу төркіні (білдіретін мағынасы) туралы өңгімелеуге дайындал. Өңгімеңді өзіңе аттас адамдар туралы қызықты мәліметтермен толықтыр.




133

БІЗДІҢ



Сөз әлеміне саяхат

- Аяз сөзінде тағы қандай мағыналар барын байқап көрелік.



1. Сөздің лексикалық мағынасы: *қыстың бет қаратпайтын қатты ызғары.*
2. Түбірлес сөздер: *аяз, аязды, аязсыз.*
3. Синонимдер: *аяз, үскірік, ызғырық, суық.*
Антоним: *аяз – ыстық.*
4. Сөз тіркесі: *үскірік (аяз), қызыл шұнақ (аяз), ызғарлы (аяз).*
5. Мақал: *Қар жауды деп қуанба,
Артынан аязы болар.*
6. Жұмбақ: *Қолы жоқ, сурет салады,
Тісі жоқ, тістеп алады.*
7. Өлең шумағы:

Шытынайды тыста аяз –
Қызыл шұнақ үскірік.
Қылшылдайды жалаңдап,
Зәрлі деммен ысқырып.

Сәкен Сейфуллин

- Өзіңе ұнаған сөзбен осындай бет құрастырып көр. Жұмысыңның нәтижесін сыныптастарыңның алдында қорға және бағала.



134

Мазмұндама.



135–136

Бақылау диктанты.



ОҚУЛЫҚТАҒЫ ҚИЫН СӨЗДЕРДІҢ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІГІ

Адырна – қазақ халқының саз аспабы.

Акварель – суға тез езілетін өсімдік желімі қосылып жасалған бояу.

Ақиық (ақын) – *мұнда*: асып туған дарын иесі.

Ақыл – адамның ойлау қабілеті, сана-сезім.

Алтыбақан – қазақтың ежелгі ұлттық ойыны.

Аңызақ аптап – ыстық жел.

Бағу – *бұл жерде*: назар аудару, көңіл бөлу.

Балдақ – алтыннан немесе күмістен жасаған көзі жоқ сақина.

Бас алмау – еш нәрсеге алаңдамау, еш нәрсеге назар салмау.

Бастау – бұлақ, өзен суының басталатын жері, көзі, тұма.

Бедер – бір нәрсенің бетіне арнайы салынған сәнді із, таңба.

Боздау – түйенің зарлы үн шығаруы.

Ботадай боздау – егіліп жылау, аңырау.

Бұйым – мүлік, жиһаз, дүние, зат; *бұл жерде*: ақыл, білім.

Бүлкілдеп ағу – судың бүлк-бүлк етіп дыбыс шығарып ағуы.

Бүр жару (бүршік жару) – бүршіктену, гүл жару.

Бірегей – маңдайалды, таңдаулы.

Ғибрат – үлгі, өнеге.

Дастан – ұзақ әңгіме, тарихи шежіре.

Дәрменсіздік – әлсіреу, күш-қуаты азаю; шара-сыздық.

Дымдану – дымқылдану, сулану.

Діңгек – жерге қазып орнатқан бағана; тіреу, таяныш.

Ерен – ерекше.

Жайрату – жығу, құлату, сұлатып салу.

Жанқияр – етжақын; шын берілген адам; ержүрек, өжет, батыл.

Жас ұлан – жас жеткіншек; жасөспірім.

Жер жаннаты Жетісу – Жетісу – жайлы қоныс, жұмақ жер.

Жиек – өзеннің, көлдің жағасы, жағалауы.

Жұпыны – қарапайым, қарабайыр, сүреңсіз.

Жүгіну – төрелігіне келу, мойынсұну.

Зұлым (жау) – сұм, жауыз.

Кернеу – толу, сыймай кету; шаттану.

Керту – бунақтап кесу.

Кескіндеме – белгілі бір заттың бетіне бояумен салынған көркемсурет.

Көркем – әдемі, ажарлы, өсем, сұлу.

Күй кешу – адамның өмірді сезінуінің қалпы, жай-жағдайы.

Қабылан – мысық тұқымдас түсі шұбар жыртқыш аң.

Қауыз – астық дәнінің қабығы.

Қолқа салу – өтіну, сұрау.

Құлақ түру – елеңдеу; назар аудару.

Құрақ – су жиегіне жайқалып өсетін балауса шөп, қамыс.

Қылқалам – кенепке, қағазға бояу жағу үшін қолданылатын құрал.

Мұжық – патшалық Ресей тұсындағы орыс шаруасы.

Мұздау – тоңу, жаурау, қалтырау.

Ну – қалың орман.

Ойпаң – төмен, ойлау жер.

Өңір – аймақ, төңірек, алқап.



Өркен – өсімдік сабағындағы бүршіктер түбінен пайда болатын желі.

Сергек – ұққыш, ұғымтал, зерек.

Сескенбеу – жасқанбау, қаймықпау, қорықпау.

Сомдау – берік, бекем етіп жасау.

Топ құрақ – шоқталып өскен бір топ құрақ.

Торқа (орамал) – ең қымбат жібек мата.

Туырлық – киіз үй керегесінің сыртынан жабатын киіз.

Тықсыру – итеру, ығыстыру; тұйыққа тіреу.

Тырма – топырақты майдалау және шөп жинау үшін қолданылатын құрал.

Тілмаш – аудармашы, тәржімеші.

Хикая – бастан кешкен жағдай, болған іс, оқиға.

Цистерна – сұйық затты тасымалдайтын үлкен ыдыс.

Шақыраю – күннің шаңқиып ысып шығуы.

Шашы аппақ құдай – шашы аппақ.

Ызғын – көп.

Ықылас – жақсы ниет, оң пиғыл.

Ісмер – қолынан әр нәрсе келетін шебер, өнерлі адам.

Экспонат – мұразат (жұрт көру үшін көрмеге, мұражайға қойылған зат).



ОРФОГРАФИЯЛЫҚ СӨЗДІК

акварель

Амангелді

әділ қазы

ғибрат

жер жаннаты

киім-кешек

көгал

қошқармүйіз

қылқалам

мүсін

ойпаң

өңір

өрмек

өрнек


Сүйінбай

таяз

түйетабан

уыс

цистерна



МАЗМҰНЫ

ӨНЕР	3
Өнер туралы не білемін?	
Сөз таптары	4
Зат есім	7
Хат жазуды үйренемін.	
Негізгі және туынды зат есім	15
Зат есімнің төуелденуі.....	28
Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	37
АТАҚТЫ ТҮЛҒАЛАР	40
Етістік туралы білетінімді еске түсіремін.....	41
Негізгі және туынды етістік	47
Болымды және болымсыз етістік.....	54
Сын есім.....	61
Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	66
СУ – ТІРШЛІК КӨЗІ	68
Негізгі және туынды сын есім.....	69
Сан есім.....	78
Есептік және реттік сан есім.....	83
Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	90
ДЕМАЛЫС МӘДЕНИЕТІ. МЕРЕКЕЛЕР	93
Жыл бойы өткенді қайталау	94
Мәтін және сөйлем	94
Дыбыс және әріп	99
Сөз және оның құрамы.....	105
Сөз таптары	110
Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	116
БІЗДІҢ ЖОБАМЫЗ	120
Есіміңнің құпиясы.....	120
Біздің жобамыз. Сөз әлеміне саяхат	122
Оқулықтағы қиын сөздердің түсіндірме сөздігі	123
Орфографиялық сөздік.....	126

Оқу басылымы

**Жұмабаева Өзия Елеупанқызы
Уайсова Гүлнар Инаматқызы
Сәдуақас Гүлбану Теміриязқызы**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ
2-бөлім**

Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық

Редакторлары *Ж. Қайранбай, А. Ноғайбаева*
Көркемдеуші редакторы *А. Капсаланова*
Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*
Корректоры *Е. Амангелді*
Компьютерде беттеген *С. Төлегенова*

ИБ № 009

Теруге 21.01.2018 берілді. Басуға 26.04.2018 қол қойылды. Пішімі 70x100 ¹/₁₆.
Офсеттік басылым. Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 10,4. Есептік баспа табағы 5,72.
Таралымы 200 000 дана. Тапсырыс №3381.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

